



26 қыркүйек, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

ТАРИХ

3 Астана болған жылдар айшығы



ӨНДІРІС

4 Тереңнен қазына тартқандар



АБАЙ-175

5 Ясауи мен Абай мектебі



РУХАНИЯТ

7 Өзгертті өгейсітіп алмадық па?



● ПРЕЗИДЕНТ

Алматыға жұмыс сапарымен барды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматыға жасаған жұмыс сапары И.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының жаңа филиалына барудан басталды.

Мемлекет басшысы 500 адамға стационарлық медициналық жәрдем беруге арналған және заманауи құрылғылармен жабдықталған палаталарды аралап көрді. Қаладағы медициналық-демографиялық ахуал және COVID-19 індетіне қарсы күресу үшін қабылданған шаралар, сондай-ақ медициналық жедел жәрдем қызметінің жұмысы жөнінде баяндалды. Президент коронавирустың ықтимал жана толқынына дайын болудың маңызды екенін атап өтті. Осы ретте азаматтарымыздың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін барлық ресурсты жұмылдыру қажеттігін айтты. Кездесу соңында Мемлекет басшысы пандемияға қарсы күрестің күрделі жағдайында атқарған қажырлы еңбектері үшін дәрігерлерге ризашылық білдірді.

Мемлекет басшысы Индустриялық аймақта орналасқан энергия үнемдейтін, сәулеттік қасбеттер зауытының жұмысымен танысты. Сондай-ақ Алматы индустриялық аймағының жағдайы мен даму перспективалары туралы айтылды. Мұнда жыл айғына дейін құны 85 миллиард теңге болатын 10 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр.

● ПАРЛАМЕНТ

Жаңа тәсілдер талқыланды

Мәжілістің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті «Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар халықаралық орталығы» кеңейтілген отырыс өткізді. Экологиялық кодекс жобасы шеңберінде экологиялық қатынастарды реттеудегі жаңа тәсілдер қаралды.

Экологиялық кодекстің жобасы 2025 жылдан бастап бірінші санаттағы жаңа ірі кәсіпорындарды ең жақсы технологияларды қолдана отырып, кешенді экологиялық руқсаттарға көшуді қарастырады. Қолданыстағы кәсіпорындар үшін мұндай көшуді 2021 жылдан бастап ерікті түрде жүзеге асыру ұсынылады. Бұл талапты орындаған кәсіпорындар эмиссиялық төлемдерден босатылады, кері жағдайда тарифтер көтеріледі.

Заң жобасының жаңа редакциясында қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін бұзғаны үшін әкімшілік айыппұл 10 есеге, ал бірнеше рет бұзылған жағдайда 20 есеге көбейтілді.

● ҮКІМЕТ

Балық шаруашылығын дамытуға бағытталды


Түркістан облысына жұмыс сапары аясында ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Қазақстан Республикасының балық саласын дамыту жөнінде семинар-кеңес өткізді.

Еліміздің балық шаруашылығының қазіргі ахуалы мен даму перспективасы туралы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі М.Мырзағалиев, «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС басқарма төрағасы Қ.Исбеков, балық өсіру шаруашылықтарының басшылары: «KingFish» – М.Тұрсынәлі, «Қызылорда балық» – А. Ерхатов, «Хамит» – Б.Серманизов, «Шығыс универсал» – В.Асанов, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасы Е.Қарашөкеев, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д.Ахметов, Алматы облысының әкімі А.Баталов, Қызылорда облысының әкімі Г.Әбдіқалықова, Жамбыл облысының әкімі Б.Сапарбаев, Ақтөбе облысының әкімі О.Оразалин, Қарағанды облысының әкімі Ж.Қасымбек баяндады.

Балық шаруашылығы – ҚР ауыл шаруашылығының қарқынды дамып келе жатқан секторларының бірі. 5 жыл ішінде отандық балық өндірісі 2016 жылғы 1800 тоннадан биыл жоспарланған 10 мың тоннаға дейін 5 еседен астам өсті. Тек соңғы 8 айда ауланған және өндірілген балық көлемі 19%-тен астамға 26,3 мыңнан 31,3 мың тоннаға дейін ұлғайды.

Жыл соңына дейін Салық, Су, Жер кодекстеріне, біркатар сабақтас заңдарға түзетулер топтамасы қабылданады, олар балық өсіру кезінде табиғи артықшылықтарды тиімді пайдалануға, балық өсіру шаруашылықтарын салу кезіндегі шығындарды азайтуға және өсірілген балықтың өзіндік құнын төмендетуге жол ашады. Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2020 жылғы 1 қарашаға дейін әрбір облыс нақты индикаторларымен балық шаруашылығын дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлейді.

АЛАШТЫҢ АНАСЫ, БАҚЫТТЫҢ ҚАЛАСЫ – ҚЫЗЫЛОРДА!



Алашқа ана, талайға пана болған Сыр елінің жүрегі – Қызылорда қаласында «Қала күні-2020» мерекесі тойлануда. Мереке барысында бірқатар нысандар ашылып, ел игілігіне берілді. Солардың бірі – Денсаулық және демалыс саябағы. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова және қоғам қайраткері, ардагер, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Жарықасын Шәріпов саябақтың лентасын қиып, демалыс орнымен танысты.

СӘНДЕНГЕН САЯБАҚ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Облыс орталығының келбетіне көрік қосқан саябақ 35 гектар аумақты қамтиды. Мұнда тұрғындардың демалуына барлық жағдай жасалған. Атап айтқанда, веложол, 6 спорттық ойын алаңы, аяқсу каналы бар. Түнгі жарық шамдар мен орындықтар, қоқыс жәшіктері қойылған.

– Құрылыс жұмысы 2018 жылы басталған болатын. Міне, қала күнінде аяқталып, тұрғындар игілігіне беріліп отыр. Мұнда

20717 көшет пен 60 мыңнан астам гүл егіліп, 10450 шаршы метр аумақ абаттандырылды. Құрылыс жұмысына 1 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды. Саябақ қызылордалықтардың демалуына өте қолайлы орын болады деп сенеміз, – деді бас мердігер компания – «Бақ-Береке 2030» ЖШС директоры Айбек Ернazar.

Одан соң аймақ басшысы қайта жаңғыртудан өткен «Сыр Ана» алаңына барды.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша қайта жаңғыртудан өткен алаңның 3 мыңнан

аса шаршы метрі көгалдандырылып, ағаш көшеттері егілген. Сонымен бірге жаяу жүргіншілер жолы мен спорттық-ойын алаңы, субұрқақтар салынған. Абаттандыру жұмыстарын «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС жүргізген.

«СЫР АНА» САЛТАНАТҚА БӨЛЕНДІ

Бұл күні «Сыр ана» маңы ән мен жырға бөленді. Сыр өнерпаздары әуелеткен әсем ән мен мың бұралған би мереке көрігін қыздырғандай. Салтанат сахнасына көтерілген облыс әкімі қызылордалықтарды айтулы меркемен құттықтап, жылы лебізін арнады.

– Биыл бас шаһардың 202 жылдығын атап өтудеміз. Қазақылық қаймағы бұзылмаған Қызылорда қаласының ел тарихында өз орны бар. 1925 жылы Кеңестік Қазақ республикасының алғашқы

астанасы болды. Ұлтымыздың қазақ атауы қайтарылды. Мұны біз әрдайым мақтан етіп, ұрпақ санасында жаңғыртып отыруымыз керек. Екіғасырлық тарихы бар қала бүгінгі күні әлеуеті артып, экономикасы өрістеген, рухани-мәдени байлығы кемелденген іргелі қалалардың бірі болып өсіп келеді. Қала қарқынды құрылыс алаңына айналып, Сырдарияның сол жағалауына қарай дамып, кеңеюде. Биыл қалада аббаттандыру, көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүрді. Мерекеге орай «денсаулық және демалыс саябағы» пайдалануға берілді. Саябақта тұрғындардың демалуына қолайлы жағдай жасалған. Жаңа саябақ мәдени-рухани көпшілік іс-шараларын өткізетін орын болады. «Сыр ана» алаңы да қайта жаңғыртудан өтіп отыр. Мереке құтты болсын! – деді облыс әкімі.

2-бет

● «ҚАЛА КҮНІ – 2020»



ШАРТАРАПҚА ТАРАҒАН ШАМШЫРАҒЫ

Екіғасырлық тарихты артқа тастаған Қызылорданың қазіргі келбеті де, болмысы да бөлек. Бір кездегі сұрғылт, еңкіш үйлердің орнын еңселі ғимараттар басты. Көгеріп тал өспейді делінетін шаһарды жасыл-желек көмкерді. Өзгеше өң сыйлаған сұлулығы бір бөлек, Қызылордада, ең бастысы, адамға сенім сыйлайтын аура бар. Бұл – қаладағы тоқтаусыз дамудың, ниет пен еңбектің айғағы. Бет-бейнесі өзгерген, өзіндік мәдениеті қалыптасқан қаланың ішкі әлеуеті, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші қалай? Ол үшін арнайы дерек пен дәйекке зер салдық.

Сб Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

3-бет

● ЖЕДЕЛ ЖАНАЛЫҚТАР

«Үздік аула» анықталды

«Қала күні» мерекесі аясында «Үздік аулалар» байқауын ұйымдастыру дәстүрге айналған. Байқаудың бір ерекшелігі қала тұрғындары үздік ауланы өздері таңдайды.

Биыл жаңа шағын ауданды көгалдандыру ісін қолға алған Жаппасбай батыр көшесіндегі №76 үй тұрғындарының ауласы басым дауысқа ие болды.

Қаланың көркеюіне үлес қосып, жанашырлық танытқан тұрғындарды құттықтауға

арнайы барған қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов аула бағбандарына қала әкімінің арнайы дипломын табыстады.

Сонымен қатар, тұрғын үй ауласына «Үздік аула – 2020» тактайшасы ілінді.

2000-ға жуық ағаш екті

ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша Бас имамы Болатбек Ұласқанұлы бастаған Сыр имамдары мен жамағаты республикалық акцияға үн қосты.

Елордада ҚМДБ төрағасы, Бас муфти Наурызбай қажы Тағанұлының қатысуымен басталған «30 жылдық мерейтойға – 30 мың түп ағаш отырғызу» акциясы бір мезетте барлық облыста ұйымдастырылып, республика көлемінде жалғасын тапты. Іргі бастама аясында облыста мәдени орындар мен

аурухана, мешіттердің аулаларына 760 түп ағаш отырғызылса, республика бойынша 30 000 түп ағаш тамыр жаймақ. Жалпы есеппен 30 жылдық мерейтойға орай, ҚМДБ-ның облыс бойынша өкілдігінің ұйытқы болуымен жыл басынан бері аймақта 2000-ға жуық көшет отырғызылды.

Полиция көлігі жол апатына ұшырады

Қызылордада патрульдік қызметтегі полицейлер мінген «Toyota Corolla» көлігі бетон қоршауына соқты.

Оқиға 24 қыркүйекте болды. «Audi C4» маркалы автокөлігінің иесі басты жолда келе жатқан полиция көлігіне жол бермей соқтығысқан. Соның салдарынан патрульдік қызмет көлігі бетон қоршауына соғылған.

– Жол-көлік оқиғасы бойынша «Audi C4» маркалы автокөлігінің жүргізушісіне қатысты ҚР Әкімшілік құ-

қық бұзушылық туралы кодексі 610-бабының 1-бөлігімен әкімшілік хаттама толтырылды. Жинақталған құжаттар сотқа жолданды. Жол-көлік оқиғасы салдарынан зардап шеккендер жоқ, деп мәлім етті облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі.

«СБ» ақпарат

АЛАШТЫҢ АНАСЫ, БАҚЫТТЫҢ ҚАЛАСЫ – ҚЫЗЫЛОРДА!

ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Мерейлі мерекеде сонымен бірге жаңа мектеп пайдалануға берілді. Жаппасбай батыр көшесінде бой көтерген 600 орындық мектеп типтік жобада салынған. Құрылысы 2018 жылы басталған білім ұясы оқушылардың сапалы білім алуына сәйкестендіріліп, жаңа технологиялармен қамтамасыз етілген. Физика, химия, биология кабинеттері қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Бас мердігер – «Ария-Жана Астана» ЖШС. Облыс әкімі пайдалануға берілген жаңа мектеп жұмысына сәттілік тіледі.

– Қалада тағы бір білім ордасы бой көтеріп, бүгін, міне, пайдалануға беріліп отыр. Өздеріңізге белгілі карантин талаптарына сәйкес қазіргі уақытта оқушылар қашықтан білім алууда. Дегенмен, бұл уақытша қиындық. Балаларымыз жайлы, жылы ғимаратта сапалы білім алуы керек. Жаңа шағын ауданда орналасқан білім ұясы – №282 мектеп-лицейі осы талаптан шығады деп сенемін. Мектеп ұжымына, ұстаздарға табыс тілеймін, – деді облыс басшысы.

Салтанатты шарада ата-аналар атынан Салтанат Аймаханова алғысын жеткізді.

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ЕРЕКШЕ СЫЙ

Мұнан соң облыс әкімінің қатысуымен «Дәрігерлер» аллеясы ашылды. Облыстық көпбейінді



аурухана маңынан ашылған алғаш «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында Нұрсұлтан Назарбаев даңғылын абаттандыру жобасы бойынша салынған.

Адам саулығының қорғаны болып жүрген медицина қызметкерлерінің еңбегі қандай құрметке де лайықты екені сөзсіз. Ақ халатты абзал жандарға арналған аллеяның ашылу салтанатында облыс әкімі мерекеге орай көпбейінді облыстық аурухананың кардиолог дәрігері, жас маман Ғалымжан Қоразов пен аурухананың реабилитация бөлімшесінің меңгерушісі Ғалия Әбеноваға жаңа пәтер

кілтін табыстады. Бұл дәрігерлер үшін күтпеген сый болды.

ТАРИХИ ТҰЛҒА ТҰҒЫРТАСЫ

Мереке аясында мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Ыдырыс Қалиевтің ескерткіш-мүсінін ашу рәсімі өтті. Шараға облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, соғыс ардагерінің жары Қалзира Қалиева, қоғам қайраткерлері мен еңбек ардагерлері қатысты. Шарада алдымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың Сыр жұртшылығына арнайы жіберілген құттықтау жеделхаты оқылды. Онда «Қасиетті Сыр өңірінде дүниеге келіп, еліміздің жарқын болашағы жолында қажырлы қызмет еткен тарихи тұлға Ы.Қалиевтың ескерткішінің Қызылорда қаласында орналасуы – өскелең ұрпақ үшін ерекше үлгі-өнеге. Халқымызға талай біртуар қайраткерлерді тарту еткен Сыр елінде өскен көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері тәуелсіздіктің елең-алаң жылдарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабал саясатын іске асыруда ерекше еңбек сіңірді. Аймақтың абыройлы қайраткері Ы.Қалиев өңірдің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуына бар күш-жігерін салды. Ғұбратты ғұмырдың үлгісін көрсеткен

тарихи тұлғаның тұғыртасы өскелең ұрпаққа өнеге болсын» делінген.

Облыс әкімі шарада барша қызылордалықтарды айтулы мерекемен құттықтап, Ы.Қалиевтің елге сіңірген еңбегін атап өтті.

– Біз қашанда асылды ардақтай білген халықпыз. Елбасы алаштың анасына балаған Сыр өңірінен шығып, аты алашқа белгілі болған арыстарымыз аз емес. Соның бірі де бірегейі мемлекет және қоғам қайраткері, еңбек және соғыс ардагері, адалдығы мен азаматтығы биік, парасатты ісімен ел есінде қалған – Ыдырыс Қалиев. Ол еңбек жолын қарапайым теміржолшыдан бастап, облысты басқару дәрежесіне дейін көтерілді. 1943 жылы әскерге шақырылып, қан майданда ерліктің үлгісін көрсетті. Облыста лауазымды қызметте болған кезі сол заманның талабы мен мүмкіндіктеріне сай аймақтың өсу жылдары болды. Қызылорда платинасы, картон зауыты, қалада көпқабатты үйлер салынды. «Батыс», «Ақмешіт», «Мерей» онтүстік ықшам аудандары бой көтерді. Мұнай өндірісі дамып, өнім шығара бастады. Кірпіш зауыты, конструкциялық қабырға материалдар комбинаты, экспериментальды жөндеу Ресмаш зауыты, мыңдаған өндірістер пайдалануға берілді. А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйі мен

Н.Бекезанов атындағы драма театры салынды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тарихи тұлға» атты мақаласында «Біз өскелең ұрпақты барша жұрт мақтан тұтатын, тарихи тұлғаның тағылымы арқылы тәрбиелеуіміз керек» деп атап өткен болатын. Осы орайда туған жерін дамытуда өзіндік қолтаңбасы қалған мемлекет және қоғам қайраткеріне деген шынайы құрметіміз ретінде Қызылорда қаласында Ы.Қалиевтің ескерткіш мүсіні қойылды. Ғасырға жуық өнегелі өмір сүрген, абыройлы ғұмырында парасат биігінен көрінген ағамызды елі еш ұмытпайды, – деді облыс әкімі.

Ы.Қалиев зейнетке шыққаннан кейін де еңбекке араласып, облыстық мұрағат басқармасын басқарған тұста Алматы, Мәскеу, Орынбор, Ташкент мұражайларынан Сыр өңіріне қатысты көптеген құнды деректерді, жәдігерлерді жинақтап, облыстың мұрағат қорын жоғары деңгейге көтерді. Сондай-ақ Жалантөс баһадүр атындағы қор құрып, батырдың есімін ұлықтау жолында сан түрлі шаралар ұйымдастырып, ескерткіш орнатуға ықпал етті. Жауапты қызметтерді атқара жүріп, білікті басшы, іскер ұйымдастырушы және елінің нағыз патриоты екенін көрсетті. Ел мүддесі жолындағы еселі еңбектері үшін еңбек ардагері тәуелсіз еліміздің «Құрмет» орденімен, 2 рет «Еңбек Қызыл

Ту», «Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендерімен және Қызылорда облысының, Қызылорда қаласының, Арал, Қазалы аудандарының Құрметті азаматы атағымен марапатталды.

Шара барысында жары Қалзира Қалиева құрмет көрсеткен барша халыққа алғысын білдірді.

Айта кету керек, ескерткіш-мүсінің биіктігі – 1 метр, тұғырының биіктігі – 2,3 метр. Қола материалынан дайындалған. Ескерткіш-мүсінің авторы – суретші-мүсінші, КСРО және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Амангелді Кененбаев.

СОЛ ЖАҒАЛАУ ТҰРҒЫНДАРЫ КӨБЕЮДЕ

Қала күні қарсаңында өткен маңызды шаралардың бірі – сол жағалауда «Нұрлы-Жер» бағдарламасы аясында салынған кредиттік тұрғын үйлердің кілтін табыстау рәсімі. Аймақ басшысы кезекте тұрған 20 тұрғынға жаңа пәтер кілтін табыстап, құттықтады.

– Бүгін – екіғасырлық тарихы бар қала күні. Мерейлі мерекеге орай бірнеше іс-шара өтіп жатыр. Енгізілген карантинге қарамастан, аймағымызда құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде. Облысымызда 276 әртүрлі құрылыс нысандары қайта жөндеуден өтті. Соның бірі – көпқабатты жана тұрғын үйдің берілуі. Баршаныңды мерекемен қатар келген қоныс тойларыңызбен құттықтаймын, – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде жаңа пәтер алушылар мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауларға алғысын жеткізді.

– Баспана бақытына кенелу мен үшін арман еді. Сол арманыма бүгін қол жеткізіп, сол жағалаудың тұрғыны атандым. Елімізде осындай игі бағдарламалар көбейіп, жастардың қоныс тойын тойлай беруіне тілектеспін, – деді пәтер алушы Акерке Нұрғалиева.

Айта кетсек, пайдалануға берілген көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын жүргізген мердігер мекеме – «Бақ-береке 2030» және «Дәнекер» ЖШС.

Айнұр БАТТАЛОВА,
Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

БІРЛЕСКЕН ІСТЕ НӘТИЖЕ БАР

Бейсенбі күні облыс әкімінің орынбасары Серік Ахметтің төрағалығымен әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі облыстық комиссия отырысы өтті.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Алдымен комиссияның жаңа мүшелері таныстырылды.

Күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Бүгінде әйелдерге қарсы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу маңызды. Бұл орайда атқарылған жұмыстар жөнінде жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары Бақыт Молдабеков хабарлама жасады. Жыл басынан бері отбасындағы тұрмыстық қатынасқа байланысты 2120 хабарлама түсіп, бұл өткен жылмен салыстырғанда 7,9 процентке өскен. Оның ішінде тек 9 адамға қылмыстық іс қозғалған. Б. Молдабеков әйелдердің өздеріне төнген қауіп-қатерге қарамастан, арыз жазудан бас тартуы қиындық туғызатынын айтты. Сондай-ақ, карантин уақытында тұрмыстық құқық бұзушылықтар саны артқан. Қылмыстың 70 проценті жөбірленушілердің үйінде орын алған. Ұрыс-керістің басым бөлігі ішімдік ішу салдарынан туындаған. Мекемеде 9 сенім телефоны жұмыс істейді. Оған отбасында жәбір көрген әйелдер хабарласып, 51 адам дағдарыс орталығына орналастырылған. Бүгінде облыста әйелдер құқығы мен мүдделерін қорғаумен айналысатын мемлекеттік емес 4 пана үйі бар. Баяндамадан кейін облыс әкімінің орынбасары тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстарды күшейтіп, уәкелелі инспекторлардың халықпен тығыз жұмыс жасау керектігін ескертті. Дегенмен, уәкелелі инспектор жетіспейді.

Жиында жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов хабарлама жасады. Жыл басынан бері көмелетке толмағандар арасында 81 жасөспірім ерте жүкті болып қалған. Оның 46-сы көмелетке

толса, 35-і толмаған. Соңғы үш жылдағы дерекке зер салатын болсақ, ерте жүктілікпен тіркелетін жасөспірімдердің саны азайған. Жалпы, білім беру ұйымдарында репродуктивтік денсаулықты қорғау мақсатында салауатты өмір салтын қалыптастыру және жыныстық қатынас арқылы жұғатын аурулардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген.

Мұнан кейін осы тақырып аясында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов денсаулық сақтау саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты басымдықтарының бірі – жастар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту және жастар денсаулығы орталығының жұмысын жетілдіру екенін айтты. Соңғы кездері жасөспірімдер мен жастар арасындағы ең өзекті мәселе – олардың ерте жыныстық қатынасқа түсуі.

Мәселенің шешім табуы үшін білім және денсаулық басқармалары бірлескен кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлейтін болды. Облыс көлеміндегі мектеп және колледж медбикелерінің үлгілік лауазымдық нұсқаулығы бекітіледі. Қала мен барлық аудандарда ұлттық және отбасылық құндылықтарды насихаттау жергілікті аналар, ардагерлер кеңестерімен бірлескен шаралар арқылы жүзеге асырылады.

Басқосуда Қазалы аудандық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның атқарған жұмысы тыңдалды. Бұл жайында аудан әкімінің орынбасары Әліби Әбиев баяндама жасады. Комиссия отырысы қорытындысымен жауапты мекемелерге көтерілген өзекті мәселелерді шешуге тапсырма берілді.

БРИФИНГ

Президент Жолдауындағы азаматтық бастамаларды қолдау тапсырмасына орай осы айдың соңында «Әлеуметтік жобалар жәрмеңкесі» өткізілмек. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова айтты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жолдауды кенінен насихаттау мақсатында белгілі тұлғалар мен қоғамдық пікір көшбасшыларын тарта отырып, республикалық және жергілікті БАҚ пен әлеуметтік желілерде пікірлер мен мақалалар жариялануда. Бүгінгі күнге дейін Жолдаудың негізгі міндеттерін насихаттау бағытында БАҚ-та барлығы 2415 материал жарық көрді.

– Жолдауды ақпараттық сүйемелдеу жөнінде арнайы облыстық медиа-жоспар әзірленіп, облыс әкімі бекітті. Медиа-жоспар 3 негізгі бөлімнен, 145 тармақтан тұрады. Атап айтқанда, насихаттау жұмысын ұйымдастыру, Жолдаудың басым бағыттары бойынша ақпараттық шаралар және сала басшылары мен аудан әкімдерінің брифингтерін өткізу, – деді М.Қазбекова.

Алдағы уақытта үкіметтік емес ұйымдардың жұмысы да жүйеленеді. Облыста 996 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Бірақ соның 454-і ғана белсенді жұмыс істейді. Енді құжат жүзіндегі бірлестіктер жабылады.

– Мемлекет басшысы кез келген мәселені азаматтық қоғаммен бірлесіп шешуді тапсырды. Бұл бағытта аймақтағы үкіметтік емес ұйымдардың басын қосып, оларға әдістемелік көмек көрсететін «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігімен бірге жұмыс жүргізілуде, – деді басқарма басшысы.

Қазіргі жағдайда жаңа әлеуметтік жобалар қажет. Сондықтан басқарма азаматтық қоғам институттарымен бірлесіп «Әлеуметтік жобалар жәрмеңкесін» өткізбек. Ұсынылатын жобалар, ең алдымен, Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттерге бағытталады.

ТАҒАЙЫНДАУ

ОБЛЫСТЫҚ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ



Облыс әкімінің өкімімен Трemasова Юлия Александровна Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Юлия Трemasова 1975 жылы туған, Қызылорда политехникалық институтын «Бухгалтер-экономист» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1992 жылы «Қызылорда электр жарығы» ЖШС-ның жұмыскері ретінде бастаған.

1996 - 2005 жылдары Қызылорда облыстық экономика басқармасының маманы, 1 дәрежелі маманы, аға маманы, жетекші маманы, бас маманы;

2005 - 2018 жылдары Қызылорда облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бөлім басшысы.

2018 жылдан осы кезге дейін Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы басшысының орынбасары болып қызмет атқарып келді.

ОБЛЫСТЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ



Облыс әкімінің өкімімен Қалмакова Гаухар Амангелдіқызы Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Гаухар Қалмакова 1974 жылы туған, Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Экономист» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1996 жылы Қызылорда облыстық қаржы басқармасының экономисі ретінде бастаған.

1996 - 2004 жылдары Қызылорда облыстық қаржы басқармасының бас экономисі, жетекші маманы, бас маманы;

2005 - 2017 жылдары Қызылорда облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бас маманы, бөлім басшысы.

2017 жылдан осы кезге дейін Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары болып қызмет атқарып келді.

● “ҚАЛА КҮНІ – 2020”



Суретті түсіріп Н.Н.УРЖАУБАЙ.

ШАРТАРАПҚА ТАРАҒАН ШАМШЫРАҒЫ

Қаланың қазіргі келбеті

Үш жүз мыңнан астам тұрғыны бар қаланың қай кезде де жаңалығы көп. Шаһарда көзге алғаш түсетіні – қарқынды құрылыс жұмыстары. Соңғы жылдары Қызылорда қаласында 14 шағын аудан ашылып, 7 тұрғын үй кешені бой көтерді. Соның арқасында 10 мыңға жуық қызылордалық қоныс тойын тойлады. Қаладағы халыққа қызмет көрсету орталықтары, әлеуметтік нысандардың басым көпшілігі жаңа, архитектурасы да ерекше. Сондай-ақ, биыл «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында бірқатар нысандар қайта жаңғыртылып, сапасы да, сыртқы келбеті де жақсара түсті.

Иә, қалада басты мәселе баспананың жайын реттеп алғандар саны артты. Сондай-ақ, жыл өткен сайын әлеуметтік нысандар көбейе түсуде. Айталық, қала күніне орай, Жаппасбай батыр көшесіндегі 600 орындық мектеп пайдалануға берілсе, қала тұрғындарының сұранысына сәйкес, «Бәйтерек» шағын ауданында 600 орындық жаңа мектеп салынуда. Жеке инвестор есебінен «Саяхат» шағын ауданы мен Е.Демесінов көшесінің бойынан да білім ордасын салу қолға алынды.

Байқаған боларсыз, биыл карантинге қарамастан, Қызылорда көшелеріне қиыршық тас төселіп, жаяу жүргіншілер жолы салынды. Әсіресе, кедір-бұдыр жолдан зәре-зап болған шеттегі шағын аудан тұрғындарының қуанышы тым бөлек. Биылдың өзінде қала аумағында 260 көше күрделі, орташа жөндеуден өтуде. Сонымен бірге ұзындығы 171,8 шақырым болатын 50 көшеге қиыршық тас төселеді. Ал, 68 көшеге жаяу жүргінші жолы, 70 аялдама салынуда.

Қалада жаяу серуендесеніз, ғимараттардан бөлек, әдемілік сыйлайтын көп дүниенің өзгеріп кеткенін байқайсыз. Орталық көшелермен жүріп, Назарбаев даңғылына түссеніз, жердегі тас төсеніштен бастап, орындық, жарықшам, субұрқактың өзі ерекше екенін аңғарасыз. Бұрынғыдан жаңа, әлдеқайда әдемі. Бұл жұмыстар да биыл «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында жүргізілді. Мұндай абаттандыру нәтижесін «Тағзым» мемориалы, «Сыр Ана» монументі, теміржол паркі маңайынан да көруге болады. Әсіресе, биыл «Сыр Ананың» сұлулана түскені, жаңа жайлы демалыс орнына айналды.

Сол жағалаудағы жаңалық

Танымал америкалық тележурналист Ларри Кингтің «тарихқа үнілер болсақ, елдердің шаһарларды жаулап алғанын көреміз, ал Қазақстан қала саларды» деген сөзі бар. Расымен де, ерке Есілдің жағасында бой көтерген елорда, Сырдарияның сол қапталында бой түзеген жаңа қала да – ел дамуының нақты белгісі.

Осыдан екі жыл бұрын, Қызылорданың 200 жылдық мерейтойы аясында Сырдарияның сол жағалауындағы жаңа қалада ең алғашқы ғимарат – «Қызылорда қаласы тарихы» музейі мен «Рухани жаңғыру» орталығының ашылу салтанаты өтті. Жаңа ғимарат 1925

жылы 15 сәуірде Қырғыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің V съезі өткен Қазақ Орталық Атқару комитеті үйінің үлгісімен салынған. Бұл ұлт тарихындағы ең маңызды кезеңнің бірі, себебі съезде сол кезге дейін ресми жазбаларда «қырғыз» болып жазылып келген ұлттың «қазақ» атауы қайтарылып, Ақмешіт қаласының аты Қызылорда деп өзгертілді.

2018 жылы сол жағалауға алғашқы тұрғындар да қоныстана бастады. Мұнан кейін жаңа қалада «Жастар орталығы», балабақша, мектеп, «Болашақ» университеті пайдалануға берілді. Сол жағалауда қоныс тойы жиі тойланатыны рас. Мұнда соңғы екі жылда республикалық, облыстық бюджеттен 620 пәтерлік 13 көпқабатты арендалық тұрғын үй мен 240 пәтерлік 4 көпқабатты несиелік тұрғын үй, сондай-ақ жеке құрылыс салушылардың есебінен 604 пәтерді құрайтын 14 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп, ел игілігіне берілді. Биылғы жылдың соңына дейін 680 пәтерлік арендалық 14 көпқабатты үйдің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Ал жеке инвесторлардың қаражаты есебінен 86 пәтерлік 1 көпқабатты тұрғын үй салынуда.

Алдағы уақытта сол жағалауда «Шығыс базары» бой көтереді. 3 гектар аумақта тұрғызылатын жабдық сауда орнының бірінші кезеңі 2021-2022 жылдары салынып бітеді деп жоспарлануда. Әзірге алғашқы дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Жыл соңына дейін мұнда «Транстелеком» АҚ әкімшілік ғимараты аяқталады. Ал, алдағы уақытта көпсалалы аурухана, физика-математикалық мектеп, қан орталығы сынды елге аса қажет нысандар бой көтереді. Сөнімен, салтанаттымен болашаққа деген ел сеніміндей болып бой түзеген жаңа қаланың жаңалығы осындай.

Кәсіпкерлер көбейді

Қалада соңғы уақытта кәсіпкерлікке ден қойған тұрғындардың саны артып келеді. Жыл басынан бері 1244 кәсіпкерлік субъекті тіркеліп, 1278 жұмыс орны ашылды.

Ал, өңдеуші өнеркәсіп пен асыраушы сала саналатын ауыл шаруашылығы бойынша облыстық статистика департаменті мәліметтеріне зер салсақ, өңдеуші өнеркәсіп саласында 27 827 млн теңге өнім өндіріліп, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 100 процентті құрады. Бұл – жалпы өнеркәсіп өнімінің 8,5 проценті. Ал, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнім көлемі қаңтар-тамыз айларында 2614,2 млн теңгені құрап, өнімнің нақты көлемінің индексі өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 102,9 процентті көрсетті. Қай кезде де жұмыссыздық мәселесі – басты назарда. Жыл басынан жұмысқа орналасқан азаматтар саны 6765 болса, оның ішінде тұрақты жұмыспен қамтылғаны – 5118 адам.

Р.С. Сыр елінің орталығындағы сан мың жұмыс, жылдар бойғы еңбекті бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес. Ең бастысы, жаңа ғасырда жаңа қала тұрғызын Қызылорда – болашаққа деген сенім мен руханияттың ордасы. Туған күнінмен, Қызылорда!

АСТАНА БОЛҒАН ЖЫЛДАР АЙШЫҒЫ

Перовск станциясының жұмысшылары Қазақстан өкіметін Ақмешітке көшіру үшін үш күн ішінде «Қызыл паровозды» жөндеуден өткізіп, Орынборға жіберді. Қырғыз (Қазақ) АССР Кеңестерінің V съезі делегаттары және өкімет мүшелері бар поезд Орынбордан республиканың жаңа астанасы – Ақмешітке 1925 жылдың наурыз айының аяғында аттанды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Осы жерде Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінен» үзінді келтірейік. «Өміре сияқты әншіге, Иса сияқты ақынға, Қажымұқан сияқты балуанға серік болғандықтан, Орынбор мен Ақмешіттің арасындағы көзді талдыратын шетсіз-шексіз шөл даладан, бұйра құмдардан қалай өтіп, Ақмешітке қалай таянғанымызды аңғармай да қалыппыз. Қалың жұрттың арасын осылайша қажарған поезд Ақмешіт станциясына келіп тоқтады. Ол арада да ошарылған халықта қисап жоқ екен. Орынбордағы милиция мектебінің курсанттары бар, республикалық және жергілікті милиция қызметкерлері бар – бәрі жиналып, үкімет адамдарының вокзалдан әрі өтуіне жолды әрең ашты. Аржак – бақшалы кең алаң екен. Осы алаңға биік жасаған мінбердің үстінде митинг партия комитетінің секретарі, бізге белгілі – Әбілхайыр Досов. Ақмешіт вокзалының ішкі алаңында Әбілхайыр Досов басқарған митингте көп адам сөйледі. Олардың басым көпшілігінің кім екені есімде жоқ. Есімде ең берік қалған шешеннің біреуі – арық, ұзын денелі, мұрны қоңқиған, көздері кішірек қоныр өңді бала жігіт. Ол пионерлер атынан сөйледі. Кейін білсем, белгілі ақындырымыздың бірі – Әбілділа Тәжібаев екен. Съезге келген делегаттарға арналған айналасы биік кірпіш қорғанмен қоршалған, оның ішіндегі бірталай үй күйдірген кірпіштен салынып, шатырлары қаңылтырмен жабылған жайлар екен. Бұл үйлер жуық араға дейін жындыхана болған. Қазақстан үкіметі орнағанда мекемелері жайғасуға осыдан қолайлы үй қалада болмағандықтан, жындыхана Ақмешіттен қырық километр жердегі «Аламесек» аталатын бір орынға көшірілген. Делегаттар осы үйлерге сыйғанынша жайғасты. Бұл қазақ халқының тарихы мен тағдырындағы аса маңызды съезд қарсаңындағы Ақмешіттегі қарбалас сәт еді.

«Ол кездегі Ақмешіт – екі этажды үйі бірен-саран ғана, өзге үйлерінің басым көпшілігі бір этаждан, олардың басым көпшілігі ішкі кірпіштен қаланған, күйдірген кірпіштен салынған аумақты үйлері азғантай, көшелері тар және қисық. Сол көшелерінің екі шетіне де тізілген ағаштар (әсіресе, ақ теректер) қалың боп өскен, көшелерді жиектеп арық екен. Маркс пен Энгельс аталатын екі көшесіне ғана тас төселген, өзге көшелерінің бәрі бұрқыраған шаң. Үйлерінің төбелері тайпақ, әр үйдің қорасында жеміс бақшасы бар, Сырдарияның теріскей жақ қабағына орнаған Азияның шағын ғана провинциялы қаласы екен». «Өмір мектебінің» үшінші кітабында жазылған Ақмешіттің астана болған кездегі көрінісі – осы.

Қызылорданың Қазақстан астанасы болуымен тарихтың жарқын беттері ашылды. Мемлекеттік мекемелер көшіп келгеннен кейін 1925 жылдың 5 маусымындағы РСФСР Халық комиссарлары кеңесінің жиналысында үкіметтік мекемелер ғимараттары құрылысына 1 млн сомнан артық қаражат бөлу туралы шешім қабылданды. Бұл қаржының алғашқы бөлігі ғимараттар салуға, Сырдария өзенінің жағалауын бекітуге, су айдағыш құрылығын жөндеуге, электр және телефон станциясын салуға бағытталды.

Астананы ауыстыру туралы комиссия Ақмешітке алғаш келгенде жұмыс істеуге арналған бөлме таппай қиналған еді. Қалада ыңғайлы ғимарат жоқтың қасы. Жаңа



астанаға 49 мекеме мен олардың 1150 қызметкері көшуі керек болатын. Пәтер мәселесі тіпті өткір еді. Тұрғын үй қоры мұнда тұратындардың өзіне жетпейтін. Жөндеу жұмыстары ұйымдастырылғанмен, құрылыс жөніндегі комиссия шешімімен құрамында 15 тұрғын үй бар 50 жаңа ғимарат салуды бастады. Көшіп келген Үкімет мүшелері мен қызметкерлері коммуналдық қиыншылықтарды бастан кешті. Қала шаруашылығы реттелмегендіктен, ең басты деген қажеттіліктердің өзі тапшы еді. Мәселен, электр жарығы тек кинематографтың шағын генераторынан тарайтын. Халық керосин шам тұтынады. Көше жарығы деген мүлде жоқ. Сол жылы тамызда 22 көше фонарін және 400 шам сатып алу арқылы қаланың аз бөлігі жарықтандырылды. Керосин мен шам сатып алудың қиындықтары сол кездегі газеттерде де жазылған. Қала сумен қамтылмағандықтан, көшедегі арықтарды тұрғындар үнемі лақтаумен болатын. Мал суарып, құрылысқа қажетті лай жатқызды. Осыдан келіп жаңа су айдағышқа қаржы бөлінді. Көшелердегі газалық жайы қаланың астана статусына сай келмейтін. Біртіндеп квартал старосталары сайланып, бұл мәселе де ретке келе бастады.

Қызылорданы астанаға айналдырудың маңызын түсінген Халық комиссарлары кеңесі өз жанынан құрылыс комитетін құру керек деп шешкен еді. Құрылыс комитеті жанынан арнайы бюро құрылып, комитет төрағасы Абылай Серғазиев ленинградтық инженер Александр Будассиге жазған хатында осы бюроға жаңа кала құрылысына жетекшілік жасауды сұраған. Бюроның бас инженері Мұхамеджан Тынышпаев болды. Ол қала құрылысының сапасыз әрі өте баяу жүргізіліп жатқанына алаңдаушылығын білдіріп, бюроны құру туралы ұсыныс жазды.

Бюроның техникалық кеңестерінде мемлекеттік мекемелер қызметкерлеріне арналған үйлердің типтері бекітілді. Климаттық жағдайға орай, бір жағынан жерасты суы жақын болғандықтан, үйлерді бірқабатты етіп салу туралы шешім қабылданды. Бір жиналыста инженер Ершов «Шығыстық климат жағдайында бірқабатты үйлер ыңғайлы. Америкалық миллиардерлер бос жер жоқ болғандықтан, аспаңға қарай өрлеп бара жатыр, ал Қызылордада 50,

100 жылдан кейін де мұндай мәселе туындамайды» деген уәж айтыпты.

Жоспар бойынша қала ескі және жаңа бөлікке бөлінуі тиіс еді. Жаңа құрылыстар жүріп жатқан бөлікте санитарлық нормалар, қауіпсіздік ережелері ескерілді. Көшелердің ені кем дегенде 20 сажын, ал тұйықтар 18 сажын болып, екі бетіне тал егілуі, жолы трамвай, ат және моторлы көлік жүретіндігі болу керек деген талаптар қойылды.

Көшелерге тас төселмегендіктен, қала шаңнан көз ашпайтын еді. Қайта-қайта су сеуіп тұру туралы шешім қабылданғанмен, ол да тапшы. Ақырында үй иелеріне іргелеріне, сауда палаткаларының иелеріне айналасына тас төсеуді міндеттеді. Астана болған алғашқы жылдары қалада монша және азық-түлік жетіспеушілігі жиі орын алатын.

Қаланың айналасындағы 8 кірпіш зауыты үздіксіз жұмыс істеді. Бірақ сырттан тасымалданатын ағаш, цемент, шыны жетіспейтін. Материалдар құрылыс басына түйемен келтізілетін.

Сол 1925 жылдың соңына дейін жүрген құрылыс маусымындағы қиындықтар өкіметті тұрғын үйлердің салу құнын арзандатуға мәжбүр етті. Үйлердің жанына салынатын сарай, құдық, басқа да қосымша құрылыстарды ортақ етіп, шаруашылыққа арналған құрылыстарды іргетассыз салу арқылы үнемдеу ұсынылды. Осылайша маусым айынан желтоқсанға дейін 29 ғимарат бой көтерді. Құрылыс комитеті бір жыл жұмыс істегеннен кейін, 1926 жылы оның барлық міндеттері қалалық коммуналдық комитетке жүктелді. Үш жылдың ішінде 20 млн сомға құрылыс жоспары жасалды.

Қызылорда астана болған жылдары мұнда орта оқу және арнаулы оқу орындары, өнеркәсіп және ауылшаруашылық мекемелері, ғылыми-зерттеу институттары өз жұмыстарын бастады. «Еңбекші қазақ» (Егемен Қазақстан) «Советская степь» («Казахстанская правда») республикалық газеттері мен басқа да журналдар, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Сабыр Шәріпов, Қаламахан Әбдіқадыров, Әбділда Тәжібаев, Асқар Токмағанбетовтың шығармалары жарық көрді. Саз балшықтан салынған қалада қос қабатты, әсем үлгідегі үйлер сап түзеп, оған сол кездегі мөлшермен есептегенде қыруар қаржы бөлінді.

«ҚЫЗЫЛОРДА» АТАУЫНА ТЕРЕҢ БОЙЛАСАҚ...

Қызылорда қаласының атауына байланысты мәселе тәуелсіздік алғалы әр жылдарда октын-октын көтеріліп қалады. Сондай бастамалардың арқасында болар Кеңес заманында орыс тілінің заңдылығымен жазылатын «Қзыл-Орда» атауын «Қызылорда» деп қазақшалап алдық. Кейін «Қызылорда» деген кеңестік заманның сөзі, оған бұрынғы «Ақмешіт» немесе «Камысқала» деген тарихи атауын қайтарайық деген бастама көтерілді. Одан кейін де, бүгінгі күні де ол атауды «Сырдария», «Орда», «Ордакент», «Сығанақ», «Тұран» деп жанаша атайық деген ұсыныстар жасалып жүр.

Мен де бастапқыда «Қызылорда» деген қызыл империяға қатысты атау, кешегі халқымызды қан қақсатқан «қызылдар (большевиктер) ордасы» деген мағынаны білдіреді екен деп жүрдім. Бірақ сол замандағы әлі қаймағы бұзылмаған ұлт зиялылары

– Алаш арыстары қалайша осы Атауға бейжай қарап, большевиктер ырқына көне қалды екен деген де ой келді. Сөйтсем, оным күпірлік екен. Ол заманның зиялылары алыстан ойлайтын ұлылар, абыздар ғой.

Алаш арыстарының азат ойлай алатыны, сөз мағынасы тек лингвистикалық білім ғана емес, дүниелік білім беретіндігіне де жіті көңіл аударғаны таңғалдырады. Белгілі әдебиетші-ғалым Ғабит Тұяқбаевтың Әзербайжан еліне барған іссапарында өзін қарсы алған әзербайжан әріптестерінің «Қызылорда» атауын «Алтынорда» мағынасында қолданғанына риза болдым деп айтқаны бар еді. Міне, бұл атаудың түркілік дүниетанымды білдіретіндігінен де хабар береді. Сондықтан «Қызылорда» атауына сол ұлыларымыз сияқты байыппен қарағанымыз дұрыс. «Қызыл» деген тек

Кеңес үкіметіне қатысты түсінік емес, ол көне түркі тілінде «алтын» деген мағынаны да білдіреді. Қазақтың «Қызыл көзі – қызылда» дегені қызыл түсті емес, «алтын» дегенді меңзейді. Сол сияқты тілімізде бидайды «алтын дән», астықты «қызылдау» деген ұғымдар бар. Соған сүйенсек, «Қызылорда» дегеннің арғы астарында «Алтынорда» деген мағына жатыр. Сондықтан оны алғашқы астанамыз, алғашқы алтын ордамыз деп абыройын асқақтатып, мәңгі мағынасын түсіндіріміз керек. Жалпы атау лингвистикалық мағынаны ғана емес, дүниелік білім беретін де бірлік екенін ұмытпайық.

Аман АБАСИЛОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының
кандидаты

1-бет





28 ҚЫРКҮЙЕК – АТОМ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ



28 қыркүйекте елімізде Атом саласы қызметкерлері күні атап өтіледі. Бұл кәсіби мерекенің қазақстандық күнтізбеде болуының өзі аталған саланың еліміз экономикасында аса маңызды рөл атқаратындығын айқындайды.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

ТЕРЕҢНЕН ҚАЗЫНА ТАРТҚАНДАР

Әлемдегі атом электр станциялары өндіретін электр энергиясының үлесі жыл сайын артып келеді. Сәйкесінше, энергия тасымалдаушысы – уранға деген сұраныс та пропорционалды түрде өсуде. Қазақстан Республикасы табиғи уранның ірі өндірушісі ретінде әлемде жетекші орында тұр және бұл позицияларды нығайтуға «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы» АҚ-ның Қызылорда облысы аумағында жұмыс істеп жатқан кәсіпорындары да сүбелі үлесін қосуда. Солардың бірі – «Байкен-У» ЖШС. 2006 жылы құрылып, сол уақыттан бері ел қазынасына қомақты қаржы түсіріп келе жатқан компанияда бүгінде 400-ден астам адам жұмыс атқарады.

Аталған кәсіпорын табиғи уранды «Солтүстік Хорасан» кен орнының «Хорасан-2» учаскесінде 600-700 метр тереңдікте өндіреді. Бұл – Қазақстандағы ең терең кен орны. «Солтүстік Хорасан» кенішінде өндіріс жерасты ұңғымалы шаймалау, яғни табиғи уранды жер бетіне шығармай тереңдікте өнімді ерітіндіге айналдыру арқылы дамыту әдісімен жүзеге асырылады. Кеніштерді дамытудың бұл технологиясы кез келген шаң көздерін толығымен жокқа шығарады және радиоактивті ластану қаупін азайтады. Әдіс технологиялық блоктарға біріктірілген технологиялық ұңғымаларды салудан тұрады. Онда сілтілеу ерітінділері жер бетінен кенді сулы қабатқа жеткізіледі. Уран кендерінен сілтілеу арқылы мәжбүрлі сүзгілеу, содан соң құрамында уран бар өнімді ерітінділерді жер бетіне көтеру және уран сорбциялық шығаруға арналған өңдеу кешеніне тасымалданады. Қазіргі уақытта әлемдегі экономикалық тұрғыда ең үнемді, экологиялық таза және жоғары технологиялық әдіс – осы.

Жалпы «Хорасан-2» кеніші – ең табысты кеніштердің бірі, себебі кенді горизонттан шығару 90% құрайды. Осының барлығы компанияның өндірістік көрсеткіштерінің еселей түсуіне игі ықпалын тигізіп келеді. Осы арада «Байкен-У» ЖШС бас директоры Ринат Байсұлтанов өзі басқарып отырған ұжымның алдағы жоспарлары туралы айтып өтті.

Компанияның 2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаты – «Солтүстік Хорасан» кен орнының оңтүстік-шығыс флангісі мен «Хорасан-2» учаскесінде уранды өндіру, қайта өңдеу және іске асыру бойынша серіктестіктің құрылтайшыларына уақыттылығы және сапалы қызмет көрсету. Осы ретте еңбек өнімділігін арттыру, өндірістік шығындарды азайту арқылы компанияның максималды таза

пайдаға қол жеткізуі қамтамасыз етілуі тиіс. Ол технологиялық процестерді жетілдіру, өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми-техникалық қызметін өткізу, қызметкерлердің әлеуметтік тұрақтылығының деңгейін көтеру есебінен жүзеге асырылатын болады.

Вахталық қоныста жұмысшы-қызметкерлерге барлық жағдай жасалғанын атап өту керек. Онда әкімшілік-тұрмыстық комбинат, химиялық зертхана, уранды өңдейтін 2 цех орналасқан. Кенішті күн қуатымен жұмыс істейтін электр станциялары энергиямен қамтамасыз етеді. Бас директор қауіпті індетке байланысты төтенше жағдай енгізіліп, карантиндік шаралар күшейтілген тұста компанияда қауіпсіздік мәселесі басты назарға алынғанын жеткізді.

– Ешқандай қысқарту орын алған жоқ, тек вахталық жұмыс режимін 45 күнге созуға тура келді. Вахта мерзімі аяқталған кезде жұмысын аяқтағандар да, жұмысқа түсетіндер де медициналық тексеруден өткізілді. Сонымен бірге вахтадан босағандарды үйлеріне дейін жеткізу ұйымдастырылды. Ал кенсе қызметкерлері қашықтан жұмыс жүргізді, – деді серіктестік басшысы.

Әрбір өндірісте ұжым мүшелері мақтан ететін үздіктері болады. «Байкен-У» ЖШС де ондай тұлғалардан кенде емес. Көпшілік оларға қарап бой түзейді. Кәсіби мереке қарсаңында олардың бірқатарын – ауысым шебері Бақытжан Түркменбаев, техникалық бақылау бөлімі басшысы орынбасары Ақтолың Әбенова, еңбек қауіпсіздігі инженері Азамат Асатаев, гидрометаллург аппаратшысы Ербол Байтелиев, геотехнология ұңғымасының операторы Сабырхан Беркінбаев, жерасты ұңғымасын жөндеу операторы Ержан Бегімбаев секілді құрметке лайық мамандарды атап кеткен артық етпес.

Әрине, мұндай ірі құрылымдар жергілікті өңірге әлеуметтік қолдау көрсетіп отыратыны белгілі. «Байкен-У» ЖШС мұндай игілікті істерден еш уақытта қалыс қалған емес. Оның бәрін тізе берсе, бір мақалаға сыймайтыны анық. Десе де, бірнешеуіне тоқталып өтелік. Осыдан біраз жыл бұрын серіктестік тарапынан Жаңақорған ауданында Сырдария өзенінен өтетін көпірге толық қаржылай көмек көрсетілді. 2013 жылы Байкенже қонысында спорт алаңы салынды. Аудан балаларына елордаға саяхаттауға ұдайы қаржылық қолдау көрсетілуде. 2014 жылы 50 орындық балабақша салынды. Сонымен қатар компания көптеген мек-

тептерге ұдайы қамқорлық қолын созып келеді.

Жер қойнауын пайдалану келісім-шартына сәйкес, әлеуметтік саланы қолдау мақсатында жыл сайын облыстық бюджетке 100 мың АҚШ долларына балама сома аударылады. Көпбалалы және мұқтаж отбасыларға, соғыс және еңбек ардагерлеріне үнемі қолдау жасалады, дәстүрлі облыстық малшылар слетін және басқа да іс-шараларды өткізуге көмек көрсетіледі. Ауданда су тасқынына және төтенше жағдайларға қарсы жұмыстарды жүргізу кезінде жабдықтар мен жанар-жағармай материалдары өтеусіз негізде бөлінеді. 2016 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының қайырымдылық және демеушілік саясатына өзгерістер енгізілді. Қордың осы жаңа қайырымдылық саясатына сәйкес, Қор компаниялар тобының барлық қайырымдылық және демеушілік қызметін маңызды жобаларды конкурстық негізде іріктеп алып, іске асыратын «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры атқарады.

Компания қоршаған орта қауіпсіздігі мәселесін үнемі басты назарда ұстап келеді. Экология кодексіне сай «Хорасан-2» кенішінің нысандарында токсан сайын экологиялық бақылау жасалады. Сонымен қатар санитарлық қорғау аймағындағы бақылау ұңғымаларынан шыққан судың және топырақтың сапасына мониторинг жүргізіледі. Кеніштегі сарқынды судың радиациялық фоны тексеріледі. Биыл қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, жүзеге асырылуда. Осы мақсатқа 37,2 млн теңге көлемінде қаражат бөлінді. Өндірістік құрылымдарының қоршаған ортаға және жергілікті тұрғындарға экологиялық және әлеуметтік әсерін зерттеуге «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-мен келісімшарт жасалған.

Қазіргі уақытта келісімнің шарттарына сәйкес, фондық деректерді жинау және талдау, экологиялық зерттеулерді жүргізу үшін бақылау нүктелерін анықтау, зерттеу аймағындағы су мен топырақты, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін бақылау, зардап шеккен нысандарды анықтау, оған қоса, Байкенже ауылы тұрғындарының тұрмыстық құдықтардағы ауыз-судың сапасы туралы өтініштер мен шағымдары бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Осылайша «Байкен-У» ЖШС биыл күрделі жылдың қиындықтарына қарамай өз міндеттерін барлық бағытта да жоғары деңгейде атқарып келеді.

МАҚСАТЫ АЙҚЫН, ЖОСПАРЫ НЫҚ

Бүгінде еліміздегі маңызды оқиғалардың бірі – «Nur Otan» партиясының өткізіп жатқан праймеризі. Алдағы Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауына партиялық тізімдерге енгізу үшін қоғамның сенімі мен қолдауына ие болған беделді партия көшбасшыларын анықтауды мақсат еткен осы бастамаға Сыр өңірінен көшбасшы мамандар өз бағдарламаларын ұсынуда. Солардың бірі праймеризге қатысушы үміткер Қызылорда қалалық білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрайымы Әлімбетова Орынша Міржакыпқызы өз бағдарламасында қоғамның маңызды зор мәселелерді көтерген. Бағдарлама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауымен, «Nur Otan» партиясының облыс бойынша сайлауалды бағдарламасымен үндесіп жатыр деуге болады.

Орынша Міржакыпқызының алға қойған мақсаттары айқын да шынайы. Ол өз бағдарламасында білім қызмет-

кері ретінде мұғалімдер мен тәрбиешілердің, жастардың мәселесіне, қалаға қарасты ауыл мектептеріне қолдау көрсетуге, азаматтардың цифрлық сауаттылығы мен кәсіби біліктілігін арттыруға көңіл бөлсе, азамат ретінде бұқаралық спорт пен салауатты өмір салтын дамыту, шағын және орта бизнестің дамуына атсалысу, отбасы мәртебесін көтеру, ана мен баланы қорғау, жас отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету, экологиялық құндылықтарды орнықтыру, қоғамның әлсіз топтары – соғыс және еңбек ардагерлеріне, аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға, мүгедек жандарға, жетім балаларға қолдау көрсету, қамқорлық таныту мәселелерін алға тартады.

Сондай-ақ, қызметтік міндеті – кәсіподақ мүшелерінің жеке және ұжымдық әлеуметтік-еңбек, кәсіби, экономикалық және өзге де құқықтары мен мүдделеріне өкілеттік ету мен қорғауды үміткер ретінде алға қойып, оны кеңейте қарастырған десек болады.



Өзінің ұстанымы «Қандай сынақ болса-дағы берілме, Ұмытла бер тек алдағы жеңіске!» деп айтып тұрғандай, Орынша Әлімбетова – қиындықтан қорықпайтын, кезектен мәселені шешуге ұмтылатын білікті маман, ақылшы ұстаз, жанашыр жан. Алға қойған мақсаттарының орындалуына тілектеспіз.

Жайнагүл ЖАНСУГІРОВА,
«Педагогикалық шеберлік орталығының» аға менеджері

ЖАН ШУАҒЫ немесе генерал Стабров, аға лейтенант Лобода және басқалар...

1972 жыл. Шілде айының 29-ы. Забайкалье. Мирная станциясы. №930 артиллерия полкінің оқу-жаттығу полигоны. Күн сенбі еді. Бүгін бұл жерде ешқандай жаттығу жұмыстары жүргізілмейді. Солдаттар полигондағы тазалық және қалпына келтіру жұмыстарымен шұғылдану үстінде. Кешкі сағат 18.00 шамасында полк жақтан жүгіріп келе жатқан жауынгердің қарасы көрінді.

Ол бірте-бірте жақындай берді. Осы кезде жүрегім бір жаманшылықты сезгендей сулап қоя берсін. Әкем ауыр наукас еді, таңертенгі шақта көрген түсімде есік алдындағы сәкіде отырған әкемді бұрын о дүниелік болған Ертай нағашымыз: «Назеке, жүріңіз, жүріңіз», деп үй артына қарай жетектей жөнелген-ді. Осыдан сөкем алып қалғанмын. Әпсәтте жүгірген солдат та тақалды. Әскерге қатар келген Каландаров деген тәжік жігіт екен. Келген бойы қолындағы бүктеулі қағазды ұста-татты. Бұл не нәрсе?! Телеграмма! Әкемнің қайтыс болғанын хабарлапты. Тұрған орнымда қалшып қатып қалыппын. «Шешемнің де жүрегі ауыратын, әлі мектепке де бармаған бір іні, екі қарындасым бар, ендігі күні қандай болады?» Тәжік бірдене деп шүлдірлеп жүр. Осы кезде полигонда қатар қызмет ететін Виктор Толстоногов телеграмманы көріп, үнсіз қалды. Сәлден соң сабырға шақырып, штабқа бару керектігін, құжаттарды дайындап, жолға шығу қажеттігін айтып жатыр. Жаратушының құдыреті шығар, бойымды тез жинадым. Бұл жерде кімге мұң шағамын, салқын қалыпқа түстім де, жана хабар айтқан жауынгермен бірге штабқа қарай бет алдым. Аралық екі шақырым шамасы. Жүгіріп отырдық. Штабта полк кезекшісі аға лейтенант Лобода қарсы алды. Мен полигонда қызмет еткеніммен артиллерия полкінің 3 дивизионы, 5 батареясында аға радиотелефоншы ретінде есепте тұрамын. Соғыс жағдайында дереу өз бөлімшемде болуым керек. Бұрынғы командиріміз капитан Олистаров басқа әскери бөлімге ауыстырылып, Лобода батареяның командирлігіне жаңа тағайындалған жас офицер. Біздің артиллерия полкіне басқа әскери округтен ауысып келгеніне екі-үш ай ғана шамасы болған-ды. Оқу-жаттығу жиындарында бірер рет кездескенбіз. Мені сырттай ғана біледі. Серігім офицерге жағдайды баяндады. «Телеграмма келді, әкесі қайтыс болыпты», дейді ол өзінің шолақ орысшасымен. Кезекші офицер құжаттарға қол қою үшін штаб бастығы майор Камнеевке көлік жіберді де, маған тез арада жолға дайындал деген бұйрық берді. Айналасы жиырма минут ішінде казармадан штабқа қайта оралдым. Штаб бастығы сенбі күн болған соң әйелімен театрға кеткен екен, оны сол жерден алып келді. Маған елге

барып келуі жолыма 12 күн, демалысыма 10 күн есептелді. Тәртіп бойынша жол шығынының рұқсаты пойызға ғана беріледі екен. Жол азығы үшін құрғақ азық-түлік немесе олардың құнын ақшаға шағып беретін секілді. Командиріміз «Пойызбен жүрсен уақытыңның бәрі жолға кетеді. Сондықтан Читаға барған соң, самолетке отыр. Аэропорттағы комендантқа құжаттарыңды көрсетіп, жағдайыңды айтсаң, көмектеседі. Мә, ақша», – деп өзінің сол күні алған айлығынан 120 сомды қолыма ұстатты. Полктегі қазақ жігіттері және жанымыздағы сапер батальонындағы жерлестеріміз лезде 100 сом жинап әкеліпті. Бұл – бірталай қаражат. Енді самолетпен ұшуға болады.

Сонымен кешкі сағат 8-де Мирный станциясынан облыс орталығы Читаға баратын пойызға отырдым. 13 сағаттан соң, таңертенгі 9-дан аса аэропортқа табан тіредім. Алайда, Новосибирск қаласы арқылы Алматыға не Ташкентке ұшатын самолетірейінің бірде-біреуіне билет жоқ. Жазғы мезгіл болған соң билеттердің барлығы алдын-ала сатылып қойылған. Оның үстіне самолеттердің барлығы транзитті, яғни, Читадан тікелей рейс жоқ, жолай өтеді. Тыпырышып, біресе қассаға, біресе комендатураға барып жүргенде күн сәске, сынаптай сырғыған сағат біртіндеп жылжи-жылжи түс болды. Қайғылы адамға тамақ та баппайды. Буфеттен сусын алып ішкен болып жүрмін. Түс қайтты. Күн болса ыстық. Түс ауған, сағат 3-тер шамасында тротуар бойындағы тайды көлеңкелеп тұр ем, осы соқпақпен бері қарай беттеп келе жатқан жалтырақ оқалы үш әскери кісіні көрдім. Ал-да генерал, соңында екі офицер еріп келеді. Шашы апақ корпус командирі генерал Стабров көзіме оттай басылды. Біз қызмет ететін әскери полигонға кейде келіп, командирлердің атыс түрлері бойынша сынақ тапсыруын қадағалайтын-ды. Бір шеткерге ығысып тұрайын деп ойланғанымша, олар тіптен жақын келіп қалыпты. Сол сәтте, генералға «Жағдайымды айтып көрейін», деген ойдың келе қалғаны. Дерек жағамды түзеп, киімімнің қыртысын жазып, соқпақ жолдың қапталына сымдай тартылып тұра қалдым. Таяу келгенінде қолымды шекеме қоя құрмет көрсетіп: «Товарищ генерал, разрешите обратиться» дедім. Ол маған екі қадам жерге кідірді де, баяндауыма

рұқсат етті. Өзімнің қай әскери бөлімшеден екенімді, қандай жағдаймен жолға шыққандығымды айтып, соңыра өзі білетін полигонда қызмет жасайтынымды да қосып қойдым. Сөзімді мұқият тыңдаған генерал «бізбен бірге жүр» деді де, аэропорт бастығының кабинетіне кіріп барды. Қалбақтап отырған көтерілген одан бірден неше бронь бар деп сұрады. Әңгіме ауанынан байқап тұрғамын, бронь үш орынға бар екен. Оның рұқсатын жоғарғы жақ беретін көрінеді. Генерал телефонмен тез сөйлесті де, басшылардың келісімін алды. Сонан соң капитан мен бір аэропорт қызметкері менің әскери билетімді алып шығып кетіп, он минуттан соң оралды. «Жауынгер, қайғыңа ортақпын. Өкенің басына топырақ сал, еліңе менен сәлем айты!» деген генерал Стабров Чита-Новосибирск-Ташкент авиабилетін қолыма тапсырды. Осы бағытпен кешке ұшаққа отырған мен түнгі 10-дар шамасында Өзбекстан астанасында тұрдым. Содан сағат 11-де пойызға отырып, таңертенгі 5-тен өте Түркістанға жеттім. Жолай Сүлеймен нағашымның үйіне соқтым да, Қандөзге қарай ұшатын АН-2-ге отырып, не керек, күндізгі сағат 9-дарда ауылға іліндім ғой. Мейірімді жандардың жәрдемінен арқасында 7 мың шақырымдық жолды осылайша 37 сағатта басып өтіппін.

Мұны баяндаудығы мақсатым – сол кездегі адамдардың бір-біріне деген қамқорлығы, мейірімділігі, қол ұшын созуға деген ынты-ықпалының жоғарылығы еді. Әйтпесе, жыға танымайтын жауынгерге командирдің жолына жұмса деп айлығының жартысын қолма-қол бере салуы, сондай-ақ, айына небәрі 3 сом 80 тиын ғана получка алатын қазақ жауынгерлерінің айналыдырған бір сағат ішінде 100 сом жинап алып келуі неге тұрады! Мұның бәрі «Бәріміз – біріміз үшін, біріміз – бәріміз үшін» деп үйреткен сол кезегі тәрбиенің жемісі ғой. Ал, генерал Стабровтың шапағатын сөзбен айтып жеткізе алар ма екенмін. Қолбасшы басымен қатардағы солдаттың мұнына соншалықты мән берді. Қолынан келгенін аямады, қайырымын тигізді. Сөзімнен де демеді. «Басыма қайғы бұлтты үйірілген сол шақта жана-шырлық жасаған, жан шүағын сепкен айналайын сол адамдар, бәріне рақмет! Ризамын, екі дүниенің жақсылығын көріңдер! Ұрпақтарымын мың жасандар!» – деп осы оқиға есіме түскенде бір дұға қайырып қоямын.

Қабыл болсын деңіз!

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі



● СЫР ЖЫЛНАМАСЫ



Тұлғаға төлқұжат

Алпыс үш жыл ғұмырының албырт шақтарын білім жинауға, мәнді жылдарын сәнді тірліктен бөліп алып ғылым жолына жұмсаған, бес рет облыстық мәслихаттың, бір рет республика Парламентінің депутаты болып халық сенімін арқалаған нар тұлғалы азамат Қылышбай Бисеновтің ғұмырбаяны Сыр елінің білім саласымен бітеқайнасаң.

Тұлпар тұяғының ізіндей тұлғаның бала тұрқыты кезеңі көз алдында. Жаңаталап ауылында алтыншыны бітірген жылы әкесінің інісі Сәбит көкесі қолынан жетектеп Қызылордаға алып келді. Жетінші класты №4 С.Сейфуллин атындағы орта мектепте жалғастырды. Сөктей беске оқитын, тек орыс тілі болмаса... Сонда үлкендер еті тірі, зейінді баланы орысшадан қағажу қалмасын деген екен. Орысша тіл сындыру оңай болған жоқ. Сол кезде кейін Мәскеуге барып, техникалық ғылым саласынан орыс тілінде докторлық диссертация қорғаймын деген ой-қиялына да кірмеген. Райкүл Сералина апайы сабақтан алып қалып орысшаға оқытатын. Кластастары оған күле қарады. Бірақ, ауыл баласы мектепті алтын медальмен бітіріп шықты.

Жас түлек Қылышбай Алматыдағы Қазақ политехникалық институтына түсті. Бұл институттың студентті атану әр баланың арманы еді. Данқы күллі елді дүбірлеткен «Дос-Мұқасан» вокалды аспаптар ансамблі осы оқу орнының қабырғасынан түлеп шықты. Қылышбай институтты Лениндік стипендиямен оқып бітіріп, біржола ғылымға бет бұрды...

Ол – 260-тан астам ғылыми еңбектің, 32 патент, 12 монография, 3 оқулық, 20 оқу және әдістемелік құралдың авторы. Ғалым-педагог жас ғалымдарды дайындауға әрдайым зор көңіл бөліп, ол 3 ғылым докторын, 7 ғылым кандидатын, 4 философия (Phd) докторын дайындады.

Жоғары мектеп жолы

Платон академиясы, Аристотель лицейі, Александрия мұражайы деген атауларды білесіз бе? Мыңжылдық тарихы бар бұл мектептер Еуропа жоғары оқу орындарының бастау бұлағы болып саналады.

Ал, Қазақстандағы университеттік білім беру ісі XX ғасырдың 20-30 жылдардан бері жолға қойылды. Сонда біздің білімденуіміз еуропалықтардан он ғасырға кешеуілдеп қалған ба? Әсте олай емес. Қазақ даласында ауа райын көзін жұмып болжайтын, ауруды қолмен сипап емдейтін ұлт руханиятынан сауаттанған ерен жандар өмір сүргені аңыз болып қалған. Ал, кітаби ғылымға келсек, қазақ – аз уақытта айналасындағылармен иық теңестірген халық.

Осыдан сексен үш жыл бұрын Қыр Шығыстан жер аударылған Корей педагогикалық институтының негізінде қалыптасқан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті бүгінде биік дәрежеге көтеріліп, әлем танитын білім ордасына айналды. Бұл күрделі күрежолда осы оқу орнын он сегіз жыл басқарған академик Қылышбай Бисеновтің өшпес ізі, өрнекті қолтаңбасы сайрап жатыр. Оны жүйелеп айтуға ойлы сөз керек.

Бүгінгі жас ұрпақ жоғары білімді аға буынның негізінен Қызылордадағы екі іргелі оқу орны – Қызылорда педагогикалық институты мен Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының филиалына білім алып шыққанын біле бермес, бәлкім?

Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының филиалы Қызылордадан 1976 жылы ашылған. Әдетте, оқу орындарының атын қысқартып айтатын халық бұл институтты ЖГМҚИ деп қазақшалауды қиынсынып, ДГМСИ дейтін.

ҰСТАЗДЫҚ ҰСТАХАНАСЫНЫҢ ҰСТЫНЫ

Қылышбай Алдабергенұлы Бисенов 1957 жылы 21 шілдеде Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген. Ұстаз-ғалым. Сыр елінің білім қарашаңырағы Қорқыт ата атындағы жоғары мектебінің дамуы мен биік дәрежеге көтерілуіне бірегей еңбек сіңірген есім. Техника ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі. Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы. «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгілерімен марапатталған. «Құрмет» орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері. Жалағаш ауданының, Қызылорда қаласының құрметті азаматы.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»



1979 жылы политехникалық институтты бітірген Қылышбайды 3-4 курста жүргенінде-ақ студенттерге лекция оқытып, ғылымға бейімдеген ұстазы, профессор, техника ғылымдарының докторы Болат Жармағанбетов осы оқу орнына ғылыми ізденуші-зерттеуші есебінде жұмысқа алып қалды. Ал, 1980 жылы жас маман Қ.Бисенов Қызылордаға оралып, Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының филиалына оқытушы болып орналасты.

1985 жылы Мәскеуден аспирантура оқып, техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғаған Бисенов тағы да осы институтқа келіп, сегіз жыл қызмет жасады – аға оқытушы, факультет деканы, институттың проректоры болды.

1990 жылы ДГМСИ Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институты болып қайта құрылды. 1992 жылы оған дала академигі Ыбырай Жақаев есімі берілді. Сол жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда пединституты да Қорқыт ата атымен аталды.

1995 жылы Томск мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясында докторлық диссертациясын қорғаған Қылышбай Бисенов 1996 жылы Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтының ректоры болып тағайындалды.

Әлемдік білім жүйесінде жан-жақты зерттеліп, тиімді тәсіл екені дәлелденген тестілеу тәсілі мектеп бітірушілер үшін 1997 жылы енгізілді. Осы жылы ҰБТ тәжірибе есебінде алғаш рет Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтының базасында өтті. Мектеп бітірушілердің қорытынды мемлекеттік аттестатталуын және арнайы орта, жоғары оқу орнына қабылдау емтихандарын біріктіріп өткізуді көздейтін, білім ұйымдарынан тәуелсіз жалпы орта білім сапасын бағалайтын, жаңа технологияларға негізделген жүйенің осылайша Бисенов басқаратын оқу орнында бастау алуы да кездейсоқ емес. Өйткені, ұстаз-ғалым өзін әріптестері арасында жаңашылдық, ізденімпаздық қырынан да жақсы танытып, үлгілі ұстай білді.

1996 жылы Қорқыт ата атындағы гуманитарлық университет болып мәртебесі өзгерген Н.В.Гоголь атындағы оқу орны 1998 жылдың наурыз айында Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтымен бірігіп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болды. Көс білім шаңырағын қосқан университеттің ректорлығына Қылышбай Бисенов тағайындалды.

Бедел мен бедер

Бисеновтің тынымсыз жұмысы мен беделді болмысы университеттің жаңаша бағытта дамуына даңғыл жол салды.

Сол жылдары канадалық «Харрикейн» компаниясы Қазақстан нарығында жұмыс жасап, Қызылқия, Арысқұм, Күмкөл секілді кен орындарында мұнай өндірі. Университет басшысы осы компания есебінде Канаданың Оңтүстік Альберто технологиялық университетімен ке-

лісім жасасып, университеттің компьютерлік жобалау орталығын ашты. Сөйтіп, оқу орны толық компьютерлендірілді. Дәл сол кезде еліміздегі ешқандай оқу орны білім жүйесіне ғана емес, адам жан дүниесінің жаңаруына да әсер ететін мұндай ақпараттық революцияға жете қоймаған еді.

КМУ-дың Еуразия-Тынықмұхит университеттерінің халықаралық желісіне енуі – алғашқы сәтті қадамы. Мұнан әрі Литва астанасы Вильнюс қаласында шешім қабылданып, Еуропалық ЖОО қауымдастығының мүшесі болды. Италияның Болонья қаласында университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды. Ізденіс пен ізгілікті өмірінің өзегі санайтын Бисенов аймақтағы бірден-бір классикалық үлгідегі көпсалалы университеттің негізін қалап, оны заман талабына сай келетін ЖОО ретінде жан-жақты дамытты.

Осы кезеңде білім беру қызметі жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, косдипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру, академиялық ұтқырлықты дамыту, оқу үдерісіне инновациялық технологияларды ендіру арқылы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бакалаврлар, магистрлар, PhD докторлар даярлауға кең мүмкіндік туып, ғылым саласының басым бағыттары бойынша кешенді зерттеулер жүргізілді.

Ректор Бисенов университетті инновациялық технологиялар мен жаңа басқару қағидалары негізінде мамандар даярлайтын инновациялық-кәсіпкерлік типтегі жоғары мектепке айналдыру бағытында аянбай еңбек атқарды. Оқу мен ойдың биігінен аласармайтын Бисенов сонымен қатар жергілікті табиғи және техногенді шикізат қорлары негізінде құрылыс материалдарын шығарудың энергия-кор үнемдеуші технологиясын жасау мен жетілдіру жөніндегі ғылыми мектептің негізін қалаған көрнекті ғалым екенін мойындайты.

Жетіқат жер астынан мұра қазған

Бисенов университетте археологтар мектебін қалыптастыруға ерекше назар аударды. Университет жанынан 2011 жылы «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Мұндай мамандықтың еліміз бойынша санаулы ғана оқу орындарында бар екенін айтсақ, тағы да Қ.Бисеновтің ізденгіш жастарды ғылымға баулуудағы еңбегі көрінеді. Бүгінде университетті осы мамандық бойынша бітірген жүзден аса маман өлке тарихы мен мәдениет саласында жемісті қызметтерін атқарып отыр.

Университет басшысы қай жерге барса да сол елдегі ЖОО-лармен келісім-шарт жасасуды басты жұмыс қылды. Мұндай ғылыми орталықтар қатарында – Ресей Федерациясының РҒА Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институты, География институты, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Германияның Тюбинген университеті, Татарстан Республикасының белгілі оқу орындары

сияқты беделді білім шаңырақтары бар. Міне, дәл осы қамқорлықтың арқасында қызылордалық талай жас оқытушылар аспирантура оқып елге оралып, ғылым жолын қуды.

Шын мәнінде Қорқыт ата университеті Сыр өңірінің ежелгі және ортағасырлық ескерткіштерінің сырын ашуға, сол арқылы еліміздің тарихын жаңа ғылыми мәліметтермен толықтыруға жасалған нақты қадамдарға бара білді.

Университеттің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы Қорқыт заманындағы оғыздық асарларға, Арал маны сактарының діни-рухани орталығы ежелгі Шірік-Рабат және оғыздардың

ордасы болған ортағасырлық Жанкент қалашықтарында кешенді археологиялық зерттеу жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеді. Ғылыми-зерттеу орталығының құрылымында археологиялық заттарды сипаттап, өңдеп қалпына келтіретін зертханасы және жәдігерлерді қоятын көрме залы бар.

Осы ескерткіштердің ішінде ортағасырлық Жанкент қалашығындағы зерттеулер үлкен маңызға ие. Себебі, өлкемізде алғаш рет Жанкентте университет ғалымдары отандық және шетелдік мамандармен бірлесе отыра археологиялық қазба әдістерімен қатар, жаратылыстану ғылымының әдістерін кенінен қолдануды қолға алды.

Жанкентті туризм нысанына айналдыру мақсатында музейлендіру және ғылыми консервация жұмыстары да қатар жүргізілді.

Білім шырағының жарығы

Бүгінгі университеттің бет-бейнесіне қызғыға қарайсыз. «Электрондық университет» бағдарламасы деген жаппай бар. Бұрынғы кезде оқытушылар ректорға хат жазып, қабылдау бөлмесіне әкеліп тастайтын. Қазір университет басшысына тікелей хат жазу және жауап алу ректор блогы арқылы іске асады. Анықтамаларға тапсырыс беру, өтініш жазу, жатақханадан орын алу, басқа да жұмыстар бағдарлама арқылы орындалады.

Мәселен, «Деканат» ақпараттық жүйесі бағдарламасы арқылы сабақ кестесі, білім алушыларға арналған хабарлама т.с.с. ұйымдастыру жұмыстары атқарылады.

Бұрын қағазбастылықпен бітетін қанша жұмыс Платонус және Е-univ-ег бағдарламаларына бекітілген.

Жазбаша емтихан кезінде әрбір студенттің жауап парағына штрих-код беріледі. Бұл жауап парағында студент жайлы ешқандай ақпарат болмайды. Сондықтан тексеруші эксперттер кімнің жұмысын тексеріп жатқанын алдын ала білмейді. Эксперттің қойған балын бағдарлама өзі сканер арқылы оқып, базаға енгізеді және бір енгізілген баға өзгертілмейді.

Аға буынның көзқарасымен қарағанда осындай оқу орнына қайта түсіп, студент болуды аңсайсың, бірақ, бұл бақытты уақыт – бүгінгі күндікі.

Сыр еліндегі білім қарашаңырағының заманауи жетістіктерін жүйелеп шығуға бір мақаланың бөлі шыдамайтынын әрине, біліп отырсыз. Бұл парасат ордасындағы ғылыми-техникалық кітапханада үш ғасыр тарихын қамтитын әдебиеттер сақталған. Сондықтан, корей оқымыстыларының Қызылордаға келіп, айлап жатып кітап оқитын оқиғасы да бір қызық дүние.

Сөзіміздің жібек түйіні – мынау. Қорқыт ата атындағы университеттің біз көрмейтін ғасырлар келбетіне жарық шашып тұратын шамшырағын жаққандардың алдығы сапында бүгінгі күні облыстық мәслихат хатшысы болып қызмет атқарып келе жатқан ерен тұлға, ел сыйлаған азамат Қылышбай Бисенов тұр. Өйткені, бұл есім Сыр жылнамасымен сабақтас, туған жер тарихымен тектес.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Облыстағы аудан орталықтарында қосымша білім беру орталықтары жетерлік. Ал Шиелі кентіндегі «SAMGAU SCHOOL» жайлы естіп пе едіңіз?! Биылдан бастап жеке бастауыш мектеп болып құрылып, ауылдық жерлердегі оқушылардың қосымша білім алуына үлкен көмек беріп жүр.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

«SAMGAU» жаңашылдық жолында

Бұл бір жағынан, аудан орталығына тым жақын орналасқан елді мекендердегі балалардың барып-келуіне қиындық тудырмайды екен. Одан бөлек, көпбалалы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларға тегін білім алуына қосымша мүмкіндік жасаған. Тіпті, Шиелі ауданының әкімі Қамбарбек Мұбаракوف жеке мектептің ашылуына ризашылығын білдіріп, өз тарапынан осындай санаттағы 10 баланы тегін оқытуға қолдау білдірген.

Мектеп директоры – Мөлдір есімді жергілікті тұрғын. Қарапайым ғана қазақтың білімді қызы. Мамандығы шет тілінің мұғалімі. Ағылшынша төгіліп тұр. Облыс орталығынан жоғары білім алған ол қосымша магистратурада оқыпты. Мәскеу мен АҚШ-та білім жетілдіріп, тәжірибе сынағынан өткен. Тіпті Түркия мемлекетінде аудармашы болып та қызмет істеген. Айналасы аз жылда ағылшын тіліне әбден ысылған Мөлдір соңында туған жерге, өскен елге қызмет қылсам деген арман жетегімен Шиеліге қайта оралған.

– 2012 жылы магистр атағымды алғаннан кейін, №127 III.Уалиханов атындағы мектеп-лицейге ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып орналастым. Ал келесі жылы көптен ойымда жүрген «ENGLISH WORLD» деп аталатын ағылшын оқу орталығын аштым. Өйткені, шет тілін үйрету бізде әлі кем болып тұрды. Ол 2015 жылдан бастап бастауыш сынып оқушылары мен орта буын оқушыларын барлық пәндер бойынша дайындайтын оқу орталығы болып кенейді. Бытыр «SAMGAU» оқу орталығын аштық. Онда көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушыларға қолдан келгенше тегін және жеңілдік арқылы оқытуға жағдай жасадық. Биыл өзіңіз көріп отырғандай, жаңа оқу жылынан бастап жеке мектеп құрылды, – дейді «SAMGAU SCHOOL» жеке бастауыш мектебінің басшысы Мөлдір Дүйсенова.

Өз қаражатымен екі қабатты мектепті тұрғызған Мөлдір 20-дан астам педагогты жұмысқа алыпты. Оның 80 проценті жоғары санатты пән мұғалімдері. Бір қызығы, бұл мектепте бала санына шектеу бар. Бір класта 10-12 оқушыдан ғана болу тиіс. Әрі әр класқа екі жетекші тағайындалған. Бірі тәжірибелі, еңбек өтілі көп мұғалім болса, екіншісі – жас маман. Мектеп басшысының айтуынша, ұстазға да, балаға да бұл – өте тиімді әдіс. Бір жағынан жас маман тәжірибелі мұғалімнен көп нәрсені үйренсе, екінші жағынан өзінің жаңашыл ойларымен жанындағы әріптесін толықтырып тұрады.

– Бұған дейін, мектеп емес, оқу орталығы болып тұрғанымызда, жыл сайын 50-60 баланы тегін оқытатынбыз. Биыл да сол үрдістен жаңылмадық. Осы мектепке көмекке мұқтаж отбасынан шыққан 10 оқушыны өз атымынан тегін қабылдадық. Бұдан бөлек, демеушілердің көмегі арқылы тағы 10 оқушы мектепке ақы төлемейді. Аудан әкімінің көмегінен бөлек, Шиелі жұртына белгілі кәсіпкер аға-апаларымыз да баланың білім алуына бей-жай қарамайтынына мұғалімдер атынан алғыс айтамын. Олар жағдайы төмен 2 немесе 3 оқушының ай сайынғы төлемін өз қалтасынан өтеп отырады, – дейді Мөлдір.

90 орындық мектепке келушілер қатары қалын. 10 және 30 мың теңге арасында айлық төлемі бар білім мекемесінде үш мезгіл тамақ жағы да қарастырылған. Би үйірмесі қосымша жұмыс істейді. Ағылшын тілін тереңдетіп оқытуға күш салынған. Мысалы, күнделікті мектепте екі рет шет тілі оқытылса, мұнда аптасына бес күнгі оқу жоспарында да осы тілді меңгертуге мән берілген. Ал сенбі-жексенбі күндері бітіруші түлектер тест сынағына дайындалатынға ұқсайды.

Шиелі ауданы





Ұлылық пен ізгілік – егіз ұғым. Істеген ісімен де, түйінді сөзімен де ұлтына ұйтқы бола білген ғұламалар қазақ даласында аз болмаған. Орта ғасырларда өмір сүрген Жүсіп Баласағұнның «Құдадғу білік» жұртты ізгілікке қарай жетелейтін терең ойлы, көркем сырлы нақыл сөзге тұнған даналық кітабы болатын.

Баласағұнның ойлары әл-Фарабидің «Бақытты қала тұрғындары» атты трактатымен үндес жатыр. Бұл аз десеңіз, ісімен де, сөзімен де құллі түркі жұртын ізгілікке тәрбиелеген, ұлттың ұстазына айналған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың да ұлтты жаңа деңгейге көтеру жолындағы атқарған қызметі орасан зор болды. Ислам дінінің ұлылығы мен тазалығын, оның кереметтерін көрсету жолында оған тең келетін адам болмады. Алланы сүю, шынайы мұсылман болу дегеніміз не? Намаз оқу, ораза тұту, зекет беру секілді мұсылмандық шарттардан өзге өз бойындағы асыл қасиеттерді дамыту үшін ішкі сырына үнілудің маңызды тұстарын халыққа жан-жақты түсіндіруге ұмтылды. Сол үшін сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с) өмірі мен істеген амалдарын өзіне үлгі етіп алады. Қарапайым да мейірімді болу, азға қанағат тұтып, жоққа сабырлы да төзімді болу, Алланың нығметін сезіну, махаббатпен жаратылған бұл әлемге орынсыз қиянат жасамау, ізгі де парасатты ойды дамыта отырып кемелдікке қарай ұмтылу секілді тылсымға толы дүниенің құпия кілтін ашу жолында бар өмірін сарп етті. Қожа Ахмет Ясауидің осындай парасат-пайымына тәнті болған жұрт оны басына көтерді, оның әрбір хикметтерін жатқа соқты. Қолына домбыра алып өнер жолына түскен әрбір жыршы мен акын Ясауи хикметінен өнеге алды. Бұл дәстүр әсіресе, Сыр мен Өмүдария бойында отырған халықтардың табиғатына терең енді. Жыршылық дәстүрде терме, өсиет, толғау секілді жанрлардың дамуына да хикметтердің әсері болғандығы белгілі. Ясауия тарикаты әсіресе Алтын Орда мемлекеті дәуірінде күшейді де кейін бәсеңдей бастады.

XIX ғасырдан бастап орыс мәдениеті арқылы бағыстық мәдениеттің ықпалы күшейді. Көптеген құндылықтарымыз ескіріп қалды, бұрынғы басқару жүйесі, дуалы ауыз қариялардың өсиет сөздері мен берген тәрбиесі орыс билігі үшін қажетсіз дүниеге айналды. Өркениеттер арасындағы қақтығыста жаңа заманға бейімделе алмаған көптеген ұлт құрдымға кетіп жатты. Бұл үрдіс өкінішке қарай әлі де жалғасып келеді. Осы сәтте қазақтың бағына Абай дүниеге келді. Абай XIX ғасырда қазақ даласына бақ боп қонған, Шығыста жарқырай туған шолпан жұлдыз еді. Кемел ойдың иесі, Шығыс пен Батыс әдебиетін қатар игерген, «шығысын батыс боп кетті» деп екі жақты әдебиеттің дәстүрін қазақ әдебиетіне алып кеп жырлаған, оны қорыта отырып халқына терең ғибадратты өлең үлгілерін қалдырған, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ұлы акын шығармалары әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Абай – қанша зерттесен де, таусылмас қазына, терең зерттеген сайын әр қырынан ашыла беретін жұмбақ бір әлем. Акын өз халқын жүрегімен жақсы көрді, кемшілігін ашып айтты, кейіп отырып айтты, болашақ ұрпағына өнегелі сөзді ғибадратпен, ойлансын деп айтты, тазалық пен адалдықты, мәрттік пен патриоттықтың үлгісін жырлады, тура жолдың даңғылын өсиеттеп көрсетіп кетті. Сондықтан да Абайды халықтың адастырмас шамшырағы, алтын қазығына айналды деуге болады.

Абай кезінде ұлы Қожа Ахмет Ясауи салып кеткен жолды қайта жаңғыртушы болды. Бұл екі тұлға өз дәуірінің озық ойлы ірі реформаторы болатын. Жаңа дәуірдің, жаңа кезеңнің өз артықшылықтарын терең түсінген ғұламалар халықты прогрессивті ойлауға, білімнен қаруланға үндеді. Абай өлеңдері мен Ясауи хикметтері бір-бірімен үндес, мағыналас келіп отырады. «Сонымен Абайдың «мен бір жұмбақ адаммын» дегеніндей, тылсым жан екеніне көзіңіз жетеді. Ол – ислам діні жолында таза имандылықты уағыздаған хаким. Ал, жалпы түркі әлемі секілді қазақ мұсылмандығының ерекшелігі де сопылық дүниетаным негізінде жатыр. Бірақ Абай тарикат жолына түскен сопы емес, ол сопылық дүниетанымдық ойлау жүйесі арқылы өз қоғамын бақытқа жеткізу жолын іздеген, халқына жөн көрсеткен дана, хаким. Оның шәкірті Шәкәрім – әрі сопы, әрі осы сопылық дүниетанымдық құндылықтар арқылы ой толғаған әулие» дейді ясауитанушы ғалым Д.Кенжетай.

Ұлы акын Абай шығармаларын оқығанымызда қоғамда орын алып жатқан келенсіз оқиғаларды көп сынға алып отырғандығын аңғарамыз. Абай ел ішіндегі дүние үшін, мал үшін арын сатқан, ұлықтардың алдында құрдай жорғалап, мансапка бола адамгершіліктен аттаған жылпостардың күні үшін бастық алдында жағымпазданып күн көруді әдетке айналдырған, адал еңбек еткеннен арын сатып жеңіл жолмен мал табуға әуестенген екіжүзділікке салынған

ЯСАУИ мен АБАЙ МЕКТЕБІ: дәстүр жалғастығы

жандарды аямай әжуалап отырған. Өкінішке қарай қоғамда кездесетін осындай келенсіздіктер қай дәуірде де болып тұрған. Абай дәуірі қазақтың бұрынғы патриархалды-феодалдық қоғамы ыдырап, Батыс мәдениетінің негізінде капиталистік қатынастардың қазақ сахарасына да келе бастаған кезеңі болатын. Ел ішінен шыққан пысықайлардың келенсіз қылықтарына көңілі толмаған акын олардың істерін мінеп, «көңілі соқыр, қайғысыз отыр, қарыны тойса жатуға» деп ашына отырып айтқан. «Өзінің өмір сүрген шағындағы қазақтың ұлтсыздануы, азып-тозуы, мінез-құлқының өзгеруі, тіпті бүкіл болмысының адамшылық сипаттан кете бастауы, жұрттың білімнен қашықтап, надандыққа ұрынуы – осынның бәрі Абайдың тәнін емес, жанын ауыртады. Сондықтан да ол осы ашы шындықты барын барша айтып, елді ширатуға, оятуға, намысына тиіп, қайраттандыруға тырысып, сыншылдыққа, шыншылдыққа толы, өкініші мол өлеңдер жазып, қара сөзбен ойланып, күйзелді» деп көрсетеді академик С.Қасқабасов.

Бұрын елді аузына қаратып, ата-баба дәстүрін берік ұстап отыратын ауыл ақсақалдарының қадірі қашып ұсқалғанын қынықыла отырып баяндайды:

Жұртды көпті қойып аз ғана, Арызшы орыс – олардың олжаласы.

Бірде оны жарылқап, бірде мұны, Қуды ұнатты-ау, Семейдің бұл қаласы.

Мұнда ел тізгінін ұстаған аз ғана топтың өзі азығданып, орысқа арыз жазудан басқа ісі қалмағандығын айтып отыр. Ел ішін әуре-сарсаңға түсіретін пысықайлардың берекесіз ісінің ретсіздігі тірліктерін сыңға алып отыр. Қоғамдағы осындай келенсіздіктермен күресі отырып шынайы адалдықты, риясыз таза көңілмен істеген әрбір істің маңыздылығына тоқталады. Шын ниетпен істеген істің берекеті мен сауабының мол болатындығын, ақ ниетпен жасаған құлшылықтың Жаратушы алдында қабыл болатындығын айтады. Бұл жағынан ұлы акынның ойы Қожа Ахмет Ясауимен сабақтас өрбиді.

Кезінде Қожа Ахмет Ясауи да дүние үшін, мал үшін дінін сатқан жалған сопылардың қылықтарын аямай сынаған еді:

Сопы болмай не қылсын, үйде қылар ісі жоқ,

Сопылық дағуа қылады, жұртқа берер асы жоқ.

Аһ-оһ дейді ол, ал көзінде жасы жоқ,

Сопынақыш болдың бірақ, сірә мұсылман болмадың.

Сопы болып нәмісі үшін, үнемі есікке қарайсың,

Нәзір алып келді ме деп үнемі кісіге қарайсың,

Алла лағынет мойнына әр дем сайын саласың,

Сопынақыш болдың бірақ, сірә мұсылман болмадың.

Жалпы қандай заман болса да, адам адалдық пен кісілікті жоғары ұстауы керек. Әр нәрсені істегенде ықыласпен істемесе берекесі болмайтындығын, құлшылықта да, жұмыста да шынайы махаббатпен кіріспеген жұмыс өрге баспайтындығын ұқтырады. Нәпсісін тыймай өтірік көлгірсіген пасық молдалардың надандығына күйінеді. Өзін де, өзгені де алдап шынайы ықылас бөлмейтін, осы дүниенің ғана қамын ойлайтын сопылардың келенсіз істерін ашық сынап отырып, шынайы көңіл болмаса, Аллаға жасаған құлшылықтың пайдасыз болатындығын, әрекетінің бекер кететіндігін айтады.

Абай да өз өлеңінде Аллаға жасаған құлшылығын қабыл болуы үшін алдымен іштегі жаман ойдан болулуға кеңес береді, ондай болмаған жағдайда Хактың назары түспейтіндігін айтады:

Жүректің көзі ашылса, Хактықтың түсер сәулесі.

Іштегі кірді қашырса, Адамның хикмет кеудесі.

Наданның көңілін басып тұр, Қараңғылық пердесі.

Ақылдан бойы қашық тұр, Ойында бір-ақ шаруасы.

Кітапты молда теріс оқыр, Дағарадай боп сәлдесі.

Мағұм қарай көңілі – бек соқыр? Бүркіттен кем бе жем жесі?

Абай мен Ясауи хикметтері бір-бірімен үндес, екі ұлы акынның ғибадраты бір-бірін толықтырып тұрғандай. Екеуі де риясыз құлшылық пен шынайы адалдықпен, таза еңбекпен тапқан малдың адамға пайдалы болмағын айтады.

Ясауи 49- хикметінде: Көкірек көзі ашылса,

барлық перде,

Ашылар, кетер, қалмас сырда перде.

Жанның көзі таңғалар осы жерде, Бақылап иман нұрымен көрер

достар, – дейді.

Екеуі де ақиқатты тану үшін көкірек көзі ашылу керектігін айтқан, яғни Жаратушының хикметін адам жүреппен, риясыз пейілмен сезу керек, жүреппен ғашық болу керек, сонда ғана әлемнің сырын ұғасын дегенді байқатады. Дін мен Алла жай ғана түсінікке сыймайды, оның тылсым құпиясы тым тереңде оған тек терең пайыммен ғана жете алатындығы туралы ұлы Абай былай деген:

Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,

Харекет қыл, пайдасы көпке тисін. Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,

Мен сүйгенді сүйді деп иен сүйсін.

Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек, Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.

Ғадағет пен мархамат – көп азығы, Қайда көрсен, болып бақ соған көмек.

Әркімнің мақсаты өз керегінде, Біле алмадың пысығын, зерегін де.

Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар. Хақиқат та, дін-дағы тереңде.

Абай Алланы жырлағанда сопылық әдебиетке жақындайды. Ясауи хикметтерін Абайдың ақындық дәстүріне әсері болғандығы аңғарылып тұрады. Жалпы Абай өзіне дейінгі қазақ ақындары жырлаған ғашықтық, сопылық әдебиетті назарға ұстайды.

Қожа Ахмет Ясауидің 80-хикметі де Абайдың осы өлеңімен үндес, жалықпай, талмай халыққа, үмбетке көмек етуге үндейді:

Ей, талиб, жапа шегіп жолға кіргін, Жапа шекпей жолға кірсең,

Жапа шекпей, ақыретте жоқ рахат, Жапа шекпей, көз жасың нұр бола алмас.

Кімді көрсен құлы болып қызмет қылғын,

Рахым етіп ғаріптерге жақсылық қылғын.

Ғалымдар келсе, тұрып ізет қылғын,

Тексіздерде тозаңдай да опа болмас.

Ғаріптерге рахым етпек Расул ісі, Ғаріптерді көрген жерде ағар жасы.

Ғаріптерге күйер ылғи іші-тысы, Ғаріптердің дұғасындай дұға болмас.

Қазақ әдебиетінің дамуына сопылық әдебиеттің әсері айрықша болды. Әсіресе, Шығыстың ұлы шайырлары Хафиз, Сағди, Руми, Низами, Науаи секілді сопылық әдебиет өкілдері қазақ даласына да әсер еткен. Жазба әдебиеттің қалыптасуының басында Қожа Ахмет Ясауи тұрған болса, XIX ғасырда Шығыс пен Батыс әдебиетін қатар меңгерген ұлы Абай қазақ жазба әдебиетінің жаңа үлгісін қалыптастырды. Абай Шығыстың әдеби дәстүрімен қатар Батыстың қалыптасқан әдеби дәстүрін де терең меңгере отырып, ондағы әдеби үлгілерді еркін қолданды. «Абайдың поэзиядағы ұлы жаңалығы – шын мағынасында Батыс пен Шығыстың шайырлары мен ғұламалары жасаған қазынаға қол артып, соның нәрі мен мәнін қорытып, жаңа көркемдік синтез жасауында. Бұл реттен алғанда, Абайға арғы-бергі әлем әдебиетінен теңдес табу қиын».

Абай салған дәстүрдің қарапайым халыққа түсінікті болғаны сонша, оның шәкірттері орыс әдебиетіндегі поэмалар мен романдарды алып қазақша жырлауға көшті. Шәкәрім, Әсет, Әріп, Көкбай ақындар Абай дәстүрін жалғастырушы болды. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті бұрын-соңды болмаған биік деңгейге көтерілді. Абайды ұстаз тұтқан Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Ақмолда, Мағжан секілді ұлы ойшылдар мен Әлихан, Жүсіпбек, Ахмет секілді Алашорда қайраткерлері бұл дәстүрді тереңдете түсті. Жазба әдебиетті қалыптастыру бағытында Абай секілді реформатор акын Шығыс әдебиетінде бұрын болмаған, батыстың өлең үлгілерін Қазақ сахарасына алып келіп «Сегіз аяқ», «Бойы бұлған» секілді алты аяқты өлең үлгілерін жатық тілде шебер үйлестіре білді. Бұл дәстүр қазақ даласында Абайға дейін қалыптаспаған болатын. Абай мектебі тек қана қазақ әдебиетіне орныққан жоқ, сонымен қатар Орта Азия әдебиетінің дамуына тын серпіліс алып келгендігін айтуымыз керек. Абай Батыс пен Шығыс мәдениетін тең алып жүрген, екі майданда да өз қолтаңбасын қалдыра білген бірегей тұлға болып қала береді. Таулардың алыстаған сайын асқақтай беретіндігі секілді Абайдың әрбір шығармасын жанаша көзқараста терең зерттеуді қажет етіп тұратын күрделі тұлға екенін көресіз.

Бакыт ӘБЖЕТ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Қ.А.Ясауи атындағы ҚХТУ Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері



ӨШПЕС ЕРЛІК

Антына адал азамат

Түріктерде «Жақсы жігіт ерлік істейді, жаман жігіт қылмыс істейді» деген нақыл сөз бар. Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген қанатты сөздері тағы бар. «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» – дейді дана қазақ. Талғат қаза болғаннан кейін оның ата-анасын қалай жұбатуды, қандай жылы сөздер айтуды білмеді. Өмірде ата-аналарына абырой әпермейтін балалар мас күйінде төбелес немесе автокөлік апатынан қаза болады, болмашы нәрсеге ренжіп, өзіне-өзі қол жұмсайды. Сөйтіп ата-аналарын тірілей көрге сүйрейді. Оның қасында Талғат нағыз батыр, адамды қорғап, өзін осы жолда құрбан етті. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің хадисінде төмендегі жолдар бар екен: «Кімде-кім Отанның, отбасын, мал-мүлкін, өзінің ар-намысын қорғау жолында қаза болса, ол шаһидтер қатарына жатқызылады. О дүниеге барған басқа пенделер сияқты Барзақ әлеміне бармайды, яғни пайғамбарлармен, Алла тағала жолында өлгендермен бірге жұмаққа барады. Бір адамды өлімнен құтқарған адам бүкіл адамзатты құтқарғандай сауап алады».

Қазір айтылып жүрген, ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл қасиеті. Талғат та қызметтік міндеттерін адал атқарып, сол жолда ерлікпен мерт болды. Берген антына соңына дейін адалдық танытты. Оның ерлігі мен көрсеткен қайсарлығына, тағзым етеміз. Азаматтарды қорғау жолында өмірін қиған әрбір әріптесіміздің атын құрмет тұту – біздің парызымыз. Ол өзіне Президент, мемлекет тапсырған міндетіне зор жауапкершілікпен қарады. Ержүректігі мен табандылығы, азаматтығы көптеген қызметкерлерге үлгі болды, әлі болады да. Ерлігі жас қызметкерлерді патриоттық рухта, отансүйгіштікке тәрбиелеуге мол үлес қосып, ішкі істер органдарының даңқты дәстүрлерін сақтауға, жалғастыруға жетелейді.

Қайта жанған шырақ



Әлі үйленіп те үлгірмеген, ата-анасының жалғыз тұяғы – жиырма бестегі Талғат бұл дүниеден ұрпақсыз кете барды. Артында егде жасқа келген анасы Шынар жентей мен әкесі Есентай аға қалды. Бұрынғы жаугершілік заманда дала-ның жазылмаған заңы бойынша атадан жалғыз қалған ер баланың сол құлағының сырғалығына бір, ал бүкіл әулеттен қалған жалғыз баланың құлағына қатарынан қос сырға тағылады екен. Жаумен болатын қанды шайқас алдында сап түзеген сарбаздарға қол-басылар «түзел!» деп берілген бұйрық арқылы атадан, әулеттен қалған жалғыз жауынгерлерді құлағына тағылған сырғасы арқылы таңуға мүмкіндік беріп, қан майданда оларды басқалардан ажырату, қауіпті жорықтарға, тапсырмаларға жұмсамай, босатып, оларды шаңырақтың жалғыз заңды иесі, отын түтетуші, ұрпақ жалғастырушы ретінде бағалап, бүкіл ондық, жүздік, мыңдыққа қорғауды тапсырады екен. Оларды бастапқыда қосалқы топта ұстап, қан майданға басқа сарбаздардың қатары сиреген кезде ең соңғы кезекте кіргізеді, ондай кезде олардың өмірін сақтап қалуға аса мән беріледі екен. Алла Тағала өзінің

сүйікті құлдарын сынау үшін оған жүк артады дейді. Сондай жүк Есағана да артылған екен.

Енді мақаламыздың соңында қуанышты бөлігіне көшсек. Талғат тірісінде үйленіп, әке-шешесі келін түсіріп үлгірмеді. Мақаламыздың ортасында біз Талғаттың Алматы ұлы туралы жазғанбыз. Кейіннен үзілген үміт қайта жалғасты, өшкен шырақ қайта жанды. Ата-аналарының жалғыз ұлдан тұяқ, ұрпақ қалмады... деген үміт шырағы қайта жанып, кешікпей қуанышты хабар да келді. Павлодарда Талғаттың қызмет істеген уақытында жалдап тұрған пәтерінің иесі, жақсы көрген әжеміз қайғылы қазаға ұшырағанын теледидар арқылы естіп, оның студенттік достары арқылы әке-шешесімен хабарласып, Қозыбаевтар әулетінің болашақ мұрагері, олардың немересі өсіп келе жатқандығы туралы қуанышты хабар айтқан. Сөйтіп Есентай аға мен Шынар жентей Талғаттың тірісінде Қарағандыда оқып жүргенде бірін-бірі сүйіп, көңілдері жарасып, бірақ неке қиып үлгірмеген құрбысын, өздерінің келінін және ол арқылы немересі Алматыны тапты. Талғаттың әке-шешесін қазақи дәстүрімен қабылдаған келін басында олардың өзімен бірге тұрғанын қалаған. Бірақ Есаған мен жентей ыңғай білдірмегесін Алматы ертіп жіберіп, өзі кейін Сыр еліне келетіндігін айтады. Артында Мәскеуге ағасына барған керектілік ару жол-көлік оқиғасынан қайғылы қазаға ұшырады. Тірісінде қосыла алмай кеткен сүйген жары Талғаттың әке-шешесіне жетіп, оның ұрпағы Алматы бірге тәрбиелен, сөнген отты қайта жандырып, сол отбасында қалам деп Сыр еліне асыққанымен ол арманына жете алмады. Бұл дүниеде тағдырлары қосылмаған ғашық жүректер о дүниеде қосылған болар... Қандай ауыр, қайғылы тағдыр десеңізші?!

Талғаттың сыншылдас достарының айтуынша, ол болашақ ұл баласын Алмат деп атауды армандапты. Кішкентай кезінде «папам қашан келеді?» дейтін. Үлкенінде полиция қызметкері болуды армандапты. Бірақ оның бұл ойына әжесі қарсы болады. Кейін әкесінің кемейтінін түсінген болар, ата-әжесін мазалауды қойды. Ол өте ақылды, сезімтал бала болып өсті. Алмат атасы мен әжесіне, бізге өзінің қылықтары арқылы Талғаттың кішкентай кезін еске түсіретін. Сол Алматымыз – әкесі Талғат Қозыбаевтың атымен аталған орта мектепті жақсы бағамен аяқтап, қазір ҚР Ішкі істер министрлігі Қарағанды Заң академиясының үшінші курс тыңдаушысы. Сабағы, тәртібі өте жақсы. Токсан сайын Қозыбаевтар академия басшылығынан алғыс хаттар алады. Келешекте оның әділ, білікті, жақсы маман болып, Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңнамасын қатаң сақтап, мемлекет мүддесін, мүлкін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын адал қорғайтынына сенімдімін.

Қонақ арылмайтын отбасы

Есағанның үйі үнемі қонақтан арылмайды. Ағайындар, Талғаттың достары, әріптестері, курстас достары, журналистер, мемлекет, қоғам қайраткерлері, Нұр-Сұлтан, Алматыдан келетін ресми адамдар және т.б. Өткен жылы отбасында облысымызға гастрольмен келген жастарды әскери-патриоттық тәрбие беруді насихаттап жүрген Ұлттық Ұлан әскери оркестрінің басшылары болды. Бірақ Талғаттың орны бос қой. Ол кісілерге сәлем беріп барсаң, соған қуанады. Иә, Талғат біздің есімізде мәңгі жасы жырмыра бестегі, жас полиция лейтенанты болып қала береді. Ендігі бізге керекі – Талғатқа құран бағыштап, оны еске алу шараларын өткізу. Оның жетпегеніне баласы Алмат, әке-шешесі жетсін демекпіз.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ, Қазақстан Заңгерлер және Журналистер одағының мүшесі, Қызылорда облыстық полиция департаментінің бөлім басшысы, полиция полковнигі

● КҮДЕРІҚОЖА КӨШЕКУЛЫ – 200

САЙРАҒАН БАУДЫҢ КӨРКІ –
БҰЛБҰЛЫМ-АЙ

Биыл Сыр елінің тумасы, қыз бен жігіттің қайымға негізделген жұмбақ айтысының негізін қалаған Күдеріқожа Көшекұлының (1820-1858 жж) 200 жылдығы. Оның шығармаларынан бізге жеткені – дарынды ақын Ұлбике Жанкелдіқызымен айтыстары. Кейінгі зерттеулер ақынның саясаткер, би екенін, айтыс өнеріндегі тума таланттығын да дәлелдейді.

Біздің қолымызға «Асыл мұра» айдарымен Ералы Әсілханұлы Оспановтың құрастырып көркемдеуімен «Күдеріқожа мұрасы» атты ғылыми-зерттеу негізінде жазылған кітап тиді. Аталған шығарма жайлы ой-тұжырымдарымызды айтпас бұрын, оның жарыққа шығуға есепсіз тер төккен адам туралы ой толғауды жөн көрдік.

Е.Оспанов Шымкент қаласында тұрады. Әбілхан Қастеев атындағы көркемсурет училищесінің «Көркемдеуші-суретші» бөлімін, Ташкент мемлекеттік көркемсурет институтының «Кітап графикасы» бөлімін тәмамдаған. Ол тек осы мамандықтармен шектелмей, тынымсыз еңбегінің нәтижесінде ғылыми-зерттеушілік, жазушылық дәрежесіне жеткен ғалым. Осыдан 3 жыл бұрын Мәскеудегі антиқарлық орталықтың үлкен залында токсан суреттен тұратын «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» топтамасы қойылған көрмесі ашылды. Бұл көрмеге бес жылдан аса дайындықпен келген ол жазушы Максим Горькийдің Қазақстанда болғанда, «Вы, казакхи, сидите на золотом сундуке, который еще не открыли» деген сөзін келтіріп, халқымыздың көшпелі мәдениетін қырсырын осы көрме арқылы әлемге паш етті. Биыл Алматы қаласындағы Еуразия ғылыми-зерттеу институтында «Жалаң аяқ Өздер – Абылай ханның пірі» атты кітабының тұсауескері өтті. Этнограф-суретші Ералы ініміздің еңбектері Англия, Франция, Америка, Ресей және т.б. алыс-жақын шетел көрермендеріне белгілі.

Автордың «Күдеріқожа мұралары» ғылыми-зерттеу еңбегі, өзінің алғысөзімен, Қорқыт ата университетінің докторанты К.Құдайбергеновның Күдеріқожа жайлы зерттеу мақаласымен ашылған. Одан әрі «Өлеңдер», «Толғаулар», «Айтыстар», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы хаттап қалдырған екі ақынның айтыстары, «Қосымша», «Зерттеулер», «Әзекті мәселелер», Күдеріқожа Көшекұлының ата-тегі туралы, Күдерінің атасы Қылышқожадан тараған ақын-жазушылар сияқты бөлімдерден және түсініктерімен қорытындыланған.

«Өлеңдер» бөлімінде Күдерінің бала кезіндегі қарақалпақтар мен қазақтар арасындағы шабындыққа талас кезіндегі билік айтуы, Ұлбикемен сөз жасуы, Күдерінің Құнанбай Өскенбайұлының аға сұлтанқожа сайланардағы отты өлеңмен айтқан тоқтау билігі келтірілген. Бұл тараудың қазақ даласына жер аударылып келген демократ-поэтик Адольф Янушкевичтің (1803-1857 жж) Құнанбай жайлы: «Тобықты руының сеніміне ие болып, ол ел билеушінің қызметіне сайланған. Ол өз қызметін бақайшағына дейін біліп, бар қайрат-жігерін сарқа төгіп атқарады» деген сөздері Күдеріқожа Көшекұлының билігін дәлелдей түседі. Өскенбайұлы Құнанбайдың Меккеге қажылыққа Сыр елінен аттануы, бабамыз Күдеріқожа Көшекұлына деген құрметінің көрінісіндей.

Толғаулар бөлімі М.Ж. Көпейұлы жазып қалдырған «Күдерінің Абылай ханның қалмақты аударғаны», «Күдеріқожаның Қарқаралы тауымен қоштасқаны», «Найманның Сыр, Қуандария жағына қоныс аударуы» сынды ұзақ толғаулардан тұрады. Олар сол кездегі қазақ халқы үшін ауыр болған. Қалмақтардың Еділден өтіп, қытайлықтар жойып жіберген Жонғария жеріне қазақ жерін баса көктеп Қытайға өту әрекеті, оларды Абылайдың қырып салуы, орыстардың Сарыарқа жеріне ене бастағанда қазақтардың үдере көшу кезіндегі Қарқаралымен амалсыз қоштасуы сияқты тарихи оқиғалар желісіне құрылған.

«Айтыстар бөлімі»: «Алты ақын мен Ұлбике», «Өтебике мен Күдері», «Ұлбике мен Күдері», «Ұлбике, Жанкелді және Күдеріқожа айтыстардың үш нұсқасы», «Ұлбикенің Күдерімен айтысының В.В.Радлов пен М.Ж.Көпейұлы қалдырған төрт нұсқасы» және Ұлбике мен Күдерінің інісі Таспақожаның айтысы, Жанкел мен Ұлбикенің айтысы топтастырылған. Бұлардың ішінде Күдерінің Өтебикемен айтысы бұрын еш жерде жарық көрмегендіктен, күдерітану ғылымына қосылған үлкен жаңалық деп түсінген абзал. Жоғарыда келтірілген айтыстарды салыстыра зерттеп, кейбір заманауи ерекшеліктерін елеп, ғылыми айналысқа жіберуді зерттеуші жас ғалымдардың үлесіне қалдырайық. Десе-дағы Ұлбикемен Күдерінің



айтысы жайлы Кеңестік дәуірде жарық көрген еңбектерде, Жаратушыны жоққа шығарған атеизмге негізделген идеология үстемдік жасап тұрғанда Күдеріні жеңілдіріп отырған, себебі ол – қожа ислам дінін уағыздаушы. Елді бірлікке, ауызбіршілікке, бейбіт өмірге, әділеттілікке шақырған. Сөзіміздің дәлеліне Мәделіқожа, Майлықожа, Шортанбай, Күдеріқожа, т.б өмірін зерттеу арқылы көз жеткізуге болады. Ал Ұлбикемен көп айтысқан Күдері ақынның жеңу, иә жеңілу деген мақсаты болмаған. Екеуінің айтысы шынайы сезімге, сыйластыққа, махаббатқа құрылған. Сөзіміздің дәлелі ретінде айтыста кездесетін Күдерінің:

«Кішкентайдан бірге өскен-ай, Ұлбике, Әрі отырма, бері отыр, жақындайық», «Қожаменен бас қосып ойнап күлсең, Тұла бойың шымырлап мейірің қанар», «Көзіңді тоқсан екі төңкересің, Сені қалай тартайын қастарыма», «Ұлбике еш ойымнан қалған жоқсың, Сенімен жарым көңілім мұңды қалып» деген сезімге толы шумақтарын келтірсе жеткілікті. Ұлбикенің де Күдеріге деген інкәр сезімі бөтен болмағандығын, айтыстағы мына өлең жолдары – «Ағарып атқан таңдай қайдан келдің, Қыраны қаршығаның түйгіным-ай», «Баралды іштегі ыстық сыртқа теуіп, Бассайшы лебізімді суды сеуіп», «Мақтайсың Ұлбикенін жүзін көріп, Сарғайдым жүрген жолың ұзын болып» дәлелдейді. Бұл ойымызды Күдерінің тікелей ұрпағы, немере ағам Әбиболла Мұхамеджановтың «Ақын арманы» өлеңінің үзіндісімен қорытындылайын. Ақын ағам былайша тебіреніпті:

– Айналдың аруағыңнан бабам менің, Іздесем қабіріңді табар ма едім?! Қосылсаң тағдыр жазып Ұлбикеге, Ізі боп қос тұлпардың қалар ма едім?! Ұлбике болар еді-ау жеке маған, (Бұл қиял талай мені мазалаған) Қос арман қосыла алмай

қырышн кетті, В.В.Радлов Ұлбике мен Күдері-қожаның өлең айтысының нүктесін «Қыз жеңілді. Қожаға бір шапан берді» деген сөзбен қойған. Бұл сөзді М.Ж.Көпейұлы В.В.Радловтың нұсқасын үстінен түзеп шыққан соң алып тастаған. Ұлбике мен Мәделі айтысында қыз жауап таппай: «Қожадан оқып шыққан көпелдердің, әйтеуір қайда болсын ырысы бар» деп ағасына, оның әулетіне деген өзінің құрметін көрсетеді (Қараныз) «Айтыс жинағының екінші томы, 1988 жж). Бұл мысалдарды келтіріп отырғанымыз, Ұлбике аңамыздың беделін түсіру емес, қайта оның ұлылығын дәріптеп, теңдессіз ақын екенін елге жеткізе отырып тарихты ешқашан бұрмалауға болмайтынын келешек жас зерттеушілердің естеріне салу.

Кітаптың «Қосымша» бөлімінде Ұлбикенің соңғы сөзі, Жәңкел мен Ұлбикенің айтысуы, екеуінің тағы бір айтысы топтастырылған. Бұл айтыс бұрын жарияланбаған. Ұлбикемен қарақалпақ Жанкел ақын арасында өткен тағы екі айтысты да Е.Оспанов оқырмандар алдына тартып, ғылыми айналымға ене беруін мақсат еткен. Айтыстарды тапсырған әдебиетші-ғалым Саттар Өмірзақов.

«Зерттеулер» бөліміне өмірден ерте озған журналист, әдебиет зерттеушісі Ибраһим Мұхамеджанов пен Қорқыт ата университетінің докторанты К.Құдайбергенова мен С.Төлегеновтың Күдері ақын жайлы терең зерттеулері енген. Ғылыми негізде жазылған бұл жұмыстар нақтылығымен ерекшеленеді.

«Әзекті мәселе» бөлімі кітапты құрастырушы Е.Оспановтың Ұлбике мен онымен замандас кейбір ақындардың туған және қайтыс болған жылдары жайлы көлемді зерттеу еңбегін қамтиды. Қазақтың көнекөз ақындарының туған және өмірден озған уақыттары негізінен аңыз әңгімелерге, естеліктерге сүйеніп анықталғандықтан, автор Ұлбике ақынның көпке тарап әдебиеттерде орын алған туған 1825, қайтқан 1849 жылдардың шындыққа жатпайтынын нақты тұжырымдармен дәлелдеген. Алдымен мына мәселені айта кетейік. Алты ақын – Майлықожа, Мәделіқожа, Күдеріқожа, Жанкел, Бұдабай, Құлыншақ Ташкент жактан келе жатып, демалу үшін Мұсабай байдың үйіне тоқтайды. Үйінде бай да, бәйбіше де болмай шығады. Алтауы шынтақтап демалып жатып, сол мезетте болған ынғайсыз жағдайға Майлықожадан бастап күлдіргі өлең шығарады. Ақындар аттанып кеткенде Ұлбике келіп арттарынан қуып жетіп, қайта қонақ болуларын өтінеді. Бірақ Мәделіқожа көнбей Ұлбике сөз бастап екеуі айтысады. Ұлбике ақындардың барлығымен айтысып, Мәделіқожадан басқасын жеңіп шығады. Осы оқиғаны Е.Оспанов оқиғалы айтыс деп ерекше атап, 2002 жылғы «Ұлбике» кітабына енгендігін, әкесі, әдебиетші ғалым Әсілхан Оспанұлы мен Түрсынәлі Айнабеков 11 жыл бұрын, яғни 1991 жылы «Алты ақын мен Ұлбике» деген айдармен жариялағанын келтіреді. Оқиғалы айтыстың үш нұсқасы табылған, ондағы алты ақынның ішінен Мәделіқожа, Құлыншақ және Майлықожалардың туған жылдарына қарап, көптеген дәйекті дәлелдермен Ұлбикенің туған жылы – 1841, ал қайтқан жылы – 1865 деген шешімге келеді. Сонда Ұлбике ақын 24 жасында емес, 18 жасында өмірден озған ғой. Біздің ойымызша, бұрын қыздардың ерте тұрмысқа шығатындығы, 20-дан асқан қыздың «отырып» қалған болып есептелетіндігі, Таспақожамен айтысқанда Ұлбикенің 13-14 жаста екендігі, тағы басқа көптеген деректер Ералы інім көрсеткен жылдар шындыққа жақындайды. Автордың бұл жаңалығы зерттеушілерді осы бағыттағы ғылым жолында белгісіз жаңа соқпақтарға, ой-тұжырымдарға, ұсыныс-пікірлерге жетелейтін даусыз.

Күдеріқожа Көшекұлының ата тегі бөлімін Ералы інім «Күдері ақынның әулеті» деген мақаласымен қысқа әрі нұсқа етіп ашып көрсеткен. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы Әзіреті Әлінің ұлдары Хусейн мен Мұхаммед Ханадиядан бастау алатын қожалардың Ислам дінін таратудағы орны, бұл процесті зерттеушілерді, оның ішінде отандық тарихшыларды, Мәдіқажыдан (Дуана) тарайтын Қожжан-Қылыш-Пірзада-Бақмұхаммедтен тараған көрнекті өкілдерді атап өтеді.

Күдерінің атасы Қылышқожадан тараған ақын-жазушылар бөлімінде Шортанбай Қанайұлы (Молла Мұхаммедәлі), Таспақожа Көшекұлы, Өбәш Жәмішов, Мұхаммеджан Нүркеев, Ахметжан Нүркеев, Әбиболла Мұхаммеджанов, Қалтай Мұхаммеджанов, Ибраһим Мұхаммеджанов, Жақып Ыдырысұлы, Қазбай Құдайбергенов есімдері аталған. Олар туралы қолда бар, кейбіреулері баспа бетін көрген материалдар топтастырылған. Аталған есімдердің әрқайсысының өмірі мен шығармашылығы жеке кітаптарға толық материал болатындығын және газеттің мүмкіндігін есептеп, оларға тоқталуды жөн көрмедік.

Сөзіміздің соңында айтарымыз: Күдеріқожа Көшекұлының мұрасы аталған еңбектегідей жан-жақты зерттеліп жеке кітап болып шыққан жоқ. Еңбектің тағы бір ғылыми құндылығы бұрын баспа бетін көрмеген Күдері мен Ұлбике, Жанкел ақындарға байланысты тың материалдармен толыққандығы. Зерделеп оқып шыққан оқырманды құрастырушы этнограф, суретші, ғалым, жазушы, тарихшы, режиссер Е.Оспановтың «Әзекті мәселе» бөлімі бейжай қалдырмайтынына сенімдіміз. Күдеріқожа Көшекұлының 200 жылдық мерейтойына бұл еңбектің тартымды әрі тағылымды тарту болатыны сөзсіз.

Қазбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
Қызылорда университетінің
профессоры

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Қазақ халқының ұлттық кодын сақтауда басымдыққа ие нәрсе, ол – тарихты ұмытпау. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы осы құндылыққа негіз болады. Расы керек, біз осы кезге дейін Сыр бойындағы көне қалаларды дәріптеп келдік. Сауран, Сығанақ, Жанкент, Жент, Баршыкент, т.б. тізім көбейетіні анық, өйткені, дария бойын жағалай көне шаһарлар мен бекіністер көптеп тұрғызылғаны бұрыннан белгілі.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

ӨЗГЕНТТІ ӨГЕЙСІТІП
АЛМАДЫҚ ПА?

Бірақ, Өзгент жайлы өзіміз білмейтініміз көп. Зерттеу аз. Археологиялық қазба ішінара жүргізілуі мүмкін, онда да тым тереңдетіп ешкім ізіне түспеген.

Шағын мақаланы жазуға себеп болған – Әлімжан Ержанов. Өзінің тарихшы мамандығына қанағаттанбай, жергілікті жердің көне құпиясын ашуға талпынып жүр. Өлкетанушы жігіт ағасы көп жылдан бері көне Өзгентті зерттеп келеді.

– Өзгент жайлы көптеген көне жылнамашылардың жазбасында бар. Тарихшылардың көбісі Ферғана өлкесіндегі көне Өзгентпен шатастырады, ол жайлы бірнеше деректерде, араб еңбектерінде де кездеседі. Ал біздің Сырға жақын орналасқан Өзгенттің жөні тіптен бөлек. XV ғасырда Алтын Орданың ханы Өзбектің тұсында Сыр бойындағы барлық қала гүлденді. Өзгентте соның қатарында болған. Тағы бір айта кететін жайт, Ресей шығыстану институтының ғылыми қызметкері Е.Ю.Гончаров 2015 жылы «Өзгент қаласы – теңге сарайы және теңге айналымы. Оңтүстік Қазақстан, XIII-XV ғасыр» еңбегін жазды. Оған себеп – екеуміз 2009-2015 жылдары осы Жаңақорғанда жатып, зерттеу жүргіздік. Соның нәтижесінде осы еңбек жарық көрді, – дейді Әлімжан Ержанов.

Жаңақорғандық тарихшының айтуынша, қаланы XX ғасыр басында зерттегендер болған. Онан басқа 1963-1966 жылдары Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы шағын зерттеу жүргізгенге ұқсайды. Сол кезде қала орнынан көптеген мыс теңгелер тапқан.

– Гончаровтың дәлелі дұрыс. Өзгент – теңге сарайы. Мұнда мыс теңгелер әр жерде шашылып жатыр. Өкінішке орай, ондай жәдігерлерді жақын жердегі қасиетті «Ұшата» кесенесіне зиярат етушілер тауып алып, алып кетіп жатады. Олар солай жоғалтып кетуде. Мұндай теңгелердің бірнешеуі жақын ауылдардағы мектептердегі мұражайларда ғана бар. Бірақ оның қай дәуірге жататындығы анықталмаған. Тарихты қолдан жоғалтып алып отырмыз. Өлгі теңгелер де тез шіруде. Өйткені, біздің жердің тұздылығы өте жоғары. Ауа райы әсерінен мұндай дүниелер тез бұзылып жатыр, – дейді жергілікті өлкетанушы.

Әлімжан өзі де қала орнына жиі барады. Тапқан дүниесін аудандық музейге өткізеді. Қала орны тек төбе болып қалған. Сыртқы бекіністерінің сұлбасы ғана қалған. Айтпақшы, тағы бір дерек, осы қаланың атымен теңге соғылғандығы жөнінде ресейлік зерттеушілер П.Петров пен А.Брагин 2015 жылы анықтапты. Теңгенің аты араб әрпімен «Узканд» болып жазылыпты, соғылған жылы 1381 жылға сәйкес келеді.

– Зерттеу барысында қарап отырсаң, Өзгенттен табылған тиындардың бәрі Сығанақта соғылған болып шықты. Табылған тиындарда сол кезгі билеушілердің аты-жөні жазылған. Бүкіл дүние жүзін дүрілдеткен Әмір-Темірдің атынан да соғылған теңгелер бар. Енді қараңызшы, тарихта өзге мемлекеттермен тығыз сауда қарым-қатынасында болған Өзгент қалайша өзінің атынан теңге шығармаған?! Мүмкін жақын жердегі



Сығанаққа бағынышты болды ма деген ой келді. Сығанақ теңгелері Өзгенттен табылған соң оның теңге сарайы осында болды ма деген ой ғой. Бірақ мұның жауабы күтпеген жерден келді. 2014 жылы интернетте, нақтырақ айтқанда, нумизматикалық сайттардың бірінде Оңтүстік Қазақстанның көне қалаларының бірін табылған бірнеше күміс тиындар анықталған еді. Соның арасында «Әділ сұлтан Күнше хан», келесі бетінде «Узкент соқпасы» деген жазуы бар тиын анықталды. Кейін өзіміз тапқан мыс теңгелер арасында да «Узгент соқпасы» деген жазуы бар, жошылықтардың таңбасы бейнеленген екі мыс теңгені анықтадық, – дейді Әлімжан.

Өзгент теңгелерінің өзге қалалардан табылуы таңғаларлық жайт емес. Зерттеушінің айтуынша, бұл оның өзге қалалармен тығыз сауда байланысында болғанын көрсетеді. Мысал келтірер болса, Сығанақта соғылған тиындар Ресей территориясындағы көне қалалардан да табылып жатыр. Өзгенттен де осылайша басқа көне қала билеушілері соқтырған теңгелер көптеп табылады.

– Тыңғылықты зерттеу әлі де жетіспейді, – дейді Әлімжан Ержанов, – Өзгент қаласы туралы айтатын болсақ, бұл көне Сығанақтан, оңтүстік-батысқа қарай 50-60 шақырым жерде орналасқан. Бүгінгі күнге дейін қала орнында ешбір археологиялық зерттеулер жүргізілмеген. Бір ерекшелігі, бұл қала орнында осы күнге дейін көптеген ортағасырлық мыс және күміс теңгелер кездеседі. Қаланың қандай қызмет атқарғандығын біз толық анықтай алмай отырмыз.

Екіншіден, Өзгенттің маңында әулие мазарлары мен шағын бекіністердің көп болуы оның аумағының үлкен болғандығын дәлелдейді. Қаладағы сарайлар, мешіттер тағы басқа ғимараттар күйдірілген қыштан соғылған. Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесіндегі қыштарға ұқсас осындайлар қала орнында шашылып жатыр. Жалпы, Өзгент жайлы дерек қоры тарихта тым аз. Неге зерттелмеген деген сұраққа келер болсақ, көне қаланың еді мекеннен тым алшақ орналасуы қиындық тудырады. Мысалы, Сығанақ пен Сауран үлкен автомагистральға жақын. Зерттеу жүргізуге ынғайлы. Сондықтан келіп-кетуші археологтар жолға жақын жерден бірнеше жылдан бері қазба жұмыстар жүргізуде. Бірақ жер шалғай деп Өзгентті өгейсітпеу керек. Мұны да аршысақ, көп тарихты қанжарғамызға байлар едік, – дейді жергілікті зерттеуші.

Жаңақорған ауданы

● АДАМДЫҚ АЙНАСЫ

АЖАЛДАН АРАШАЛАП ҚАЛДЫ

Бұл жалғанда өмірдің жалғасы, үкілеген үміттің иесі – перзентіңнен жақын кім бар десеңші?! Кез келген ата-ана «Баламың табаңа кірген шөңге, маңдайыма кірсең» деп тілейтіні тағы рас. Ал сол бауыр еті баланың жарық дүниені қайта көруіне Алладан соң себепші болған жандарға не айтар едіңіз?! Ондай асыл азаматтарға арналған жылы пейілділігі тілмен ғана емес, барша бітім-болмысыңызбен жеткізуге тырысатынын даусыз. Бүгінгі біз көпшілікке паш етуге асыққан оқиға да дәл

осындай игі іске деген ананың ризашылығынан туындаған болатын. Сонымен...

Маған жолығуға келген жігіт өзін Әйтеке би кенті, Бөріқұлаков көшесі №51 үй тұрғыны Нұрлан Үсенбай деп таныстырды. Ұзын бойлы, қараторы азаматтың өңінен тебіреніс аңғарылады. Амандық-саулық сұрасқан соң қоңыр үнмен сөзін бастады.

Нұрланның айтуынша, жұбайы Рансова Кенжегүл осы қыркүйек айының 23-нен 24-не қараған күні, таңғы сағат 7:30 шамасында Қызылорда қаласына қарай жеңіл көлікпен

жолға шығады. Бұлар мінген жеңіл көлік межелі жерге де жақындайды. Кеңет... осы көлік ішінде Нұрлан мен Кенжегүлдің 4 жасар ұлы Ертілеу Әбілмансұр кенеттен қатты сырқаттанып қалады. Аяқ астынан құрыспа ұстап, көгеріп, демалысы қиындаған сәбиді көріп бәрі қатты әбігерленеді.

Осы мезетте жандарына тоқтаған ақ түсті «Тойота королла» маркалы, №0237 автокөлігінен жол полиция қызметкерлері түседі. Өздерін таныстырып, мән-жайды сұрас-тырады. Кішкентайдың ауырып

қалғанын естіп, дереу көмекке ұмтылады. Жол полиция қызметкерлері жедел қимылдап, сәбиге алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Тыныс алуын қамтамасыз етеді. Мұнан соң өздерінің қызметтік автокөлігіне отырғызып, Қызылорда қалалық балалар ауруханасына жеткізуге қол ұшын созады. «Нейромед» орталығында невропатолог дәрігер ем тағайындайды. Қазіргі таңда сол тағайындаған емді кішкентай Әбілмансұр үйде жалғастыруда. Жағдайы жақсы.

Осы оқиғадан соң ерлі-зайыпты Нұрлан мен Кенжегүл

баласы Әбілмансұрға қиын шақта жанашырлық жасап, азаматтық танытқан аты-жөндері белгісіз жол полициясы қызметкерлерін іздегіреді. Сол оқиға тұсында қарбаласып жүріп, полиция қызметкерлерінің есімдерін де сұрамаса керек. Нұрлан анықтамалық арқылы облыстық полиция департаментінің бәтәлім командирінің орын-басары Оспанов Ғабитке қонырау шалып, болған оқиғаны айтып, полиция қызметкерлерінің аты-жөнін анықтап беруді өтінеді. Ақыры жак-

сылыққа жаны құштар полиция қызметкерлерінің Ертай Абылай, Сұлтан Күзембаев есімді азаматтар екендігін анықтайды. Нұрлан Үсенбай баласы Әбілмансұрдың аман-есен үйіне оралуына себепкер болған полиция қызметкерлеріне ағыл-тегі алғысын жаудырды. Өкене қуанышын көріп мен де толқидым.

Адамдық айнасы осындайда көрінеді емес пе?!

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы



СЕКСЕУІЛ АҒАШТАРЫН ҚОРҒАП, САҚТАЙЫҚ!

Сексеуіл – діні мен бұтақтары бұраң-бұраң боп келетін, құмды жерлерде өсетін, шөлге төзімді, морт синатин жапырақсыз қатты ағаш тұқымдас өсімдік. Сексеуіл алқаптары Қазақстанның мемлекеттік орман қорының 48%-ін алып жатыр. Облыс аумағындағы көлемі 2,7 млн. га.

Сексеуілдер дәулей соққан желден құм көштерін тоқтатады және қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұруда ерекше маңызға ие. Сексеуілдерді қорғаныш ететін жануарлар мен жәндіктер де бар.

Көмірдің жетіспеушілігі мен қымбаттаушылығы елді мекен тұрғындарына ауыр тиіп, сексеуілді таза отын ретінде қолдануға жеткізді. Кәуап (шашлық) дайындайтын орындардың көптеп ашылуына орай сексеуілге деген сұраныстың артуы, сексеуіл алқаптарының бұрынғы көлемдерінен азаюына өз әсерін тигізуде.

Осыған байланысты, сексеуіл екпелерін қорғап, сақтап қалу мақсатында, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 13.08.2015 жылғы №211 бұйрығымен «Уран кен орындарын қазып шығаратын және мемлекеттік орман қорының құбыр желісі өтетін жерлерде жаппай кесуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл екпелерінде ағаш кесудің барлық түріне 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге тыйым салынды.

Инспекция қызметкерлерімен 2020 жылдың өткен мерзімінде сексеуіл өнімдері мен бөліктерін заңсыз иемдену және тасымалдаудың 24 дерегі бойынша әкімшілік хаттама толтырылды. Жинақталған құжаттар сотқа жолданып, заңдылық бұзушыларға әкімшілік айыппұлдар салынды.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің «Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау» туралы 381-1-бабы және «Жабайы жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз иемдену, өткізу, алып өту, әкелу, әкету, сақтау (ұстау)» туралы 389-бабына сәйкес, әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау туралы 340-бабында көзделген қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Сексеуілдерді немесе олардың бөліктерін заңсыз кесу, жою немесе зақымдау, иемдену, өткізу, алып өту, әкелу, әкету, сақтау (ұстау) секілді әрекеттерге қуа болған жағдайда құзырлы және құқық қорғау органдарына хабарлап, табиғи байлықтарымызды қорғап, сақтау бағытындағы шараларға атсалысуға шақырамыз.

Р. БУРАБАЕВ,
«Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ-нің Орман және ЕҚТА бөлімінің басшысы

Конкурс жариялайды

«Қызылорда облысының білім басқармасының» №10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Орналасқан орны (мекен-жайы): 120002, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі №10. «Қызылорда облысының білім басқармасының» №10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

1) жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі;

2) педагогикалық жұмыс өтілі кемінде бес жыл, оның ішінде басылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде бір жыл;

3) бірінші немесе жоғары біліктілік санатының және (немесе) «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «шебер-педагог» санатының болуы (мемлекеттік қызметшілерді, ЖОО және әдістемелік қызмет қызметкерлерін қоспағанда);

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып іске асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді. Оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді. Білім беру құқығына берілген лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүлкітік, тұрғын үй, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдау үшін оларға жағдай жасау бойынша шаралар қабылдайды. Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды.

Белгіленген зандарға сәйкес білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарын иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібін ережесін, санитариялық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттауға дайындауға қатысады. Қызмет барысында айрықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің қызыретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз қызыретінің шегінде жаза қолданады.

Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе оларды алмастырушы адамдармен) байланысты жүзеге асырады. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымының атынан өкілдік етеді,

ХАБАРЛАНДЫРУ

БАЛЫҚ ШАБАҚТАРЫ СУ АЙДЫНДАРЫНА ЖІБЕРІЛЕДІ

«Қамыстыбас балық питомнигі» РМҚК – 1966 жылы Қызылорда облысы Арал ауданы Қосжар елді мекенінде құрылған Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне қарасты мекеме. Мекеменің негізгі жұмысы мемлекеттік тапсырыс бойынша Қызылорда облысы аймағындағы Арал өңірінің Сырдарияның төменгі құйылысындағы балық аулау кәсіпшілігіне ыңғайлы табиғи су қоймалары мен көлдерді балықтандыру болып табылады. Бұл жартығасырлық тарихы бар «Қамыстыбас балық питомнигі» РМҚК-ның дәстүрлі жұмысына айналған.

«Қамыстыбас балық питомнигі» РМҚК жылдағы дәстүр бойынша 2020 жылдың 28 қыркүйегінде Кіші Арал теңізі мен Сырдария өзеніне 14 800 000 дана осы жаздық және 420 000 дана екіжаздық тұқы, дөңмандай және ақ амур балық шабақтарын жіберу жұмыстарын бастайды.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі «Қамыстыбас балық питомнигі» РМҚК Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қосжар елді мекені

ХАБАРЛАМАЛАР

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (15-21-02) «Караванчи кенішіндегі СКТШ-ден 25, 26, 27, 40 және 41 ұңғымаларға дейін кабельдік желілерді жүргізу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-02-02) «Қызылқия кенішінде

362, 363, 364 және 365 ұңғымаларды электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-09-02) «Арысқұм кенішіндегі 428 және СП-10 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

8) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

9) сотталығының жоқ екендігі туралы анықтама;

10) тәсілеуден өткендігі туралы анықтама (болған жағдайда);

11) тектесті дамытудың перспективалық жоспарын ұсынуы қажет.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері жұмыс орнының кадр қызметі немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкері тарапынан куәландырылады және мөрмен куәландырылады.

Көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаса, кандидаттың Конкурсқа қатысу үшін берген құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.

Конкурсқа қатысу үшін кандидат білім беруді басқару органының қарауына өзінің кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыру, ғылыми зерттеулері, өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтауы, наградлары туралы материалдарды ұсынуға құқылы.

Конкурс үш кезеңде өткізіледі.

1) конкурсқа қатысушылардың біліктілігін бағалау;

2) кандидаттардың лицей қамқоршылық кеңесімен және «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорымен келісу;

3) білім беруді басқару органының конкурстық комиссиясының отырысында әңгімелесу;

Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын, бала және жасөспірімдер жасының психологиясын, ұжымдағы басқару және іскер өзара іс-қимыл психологиясын, кадрлық менеджмент және қызмет этикасы мәселелері бойынша теориялық білім деңгейін айқындау, сондай-ақ үміткердің педагогикалық жетістіктерін, кәсіби және жеке қасиеттерін, ұйымдастырушылық қабілеттерін, болжанатын лауазым қызметінің перспективасын айқындауға қатысты ақпаратты нақтылау, болжанатын лауазым перспективасын айқындау мақсатында білім беру мекемесі ведомствосы және қарамағында болып табылатын білім беруді басқару органының Комиссиясы әңгімелесу өткізеді. Комиссия әңгімелесу өткізу тәртібін өзі айқындайды.

Мектеп директорының лауазымына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптар «Педагог қызметкерлер мен оларға тәңсірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әлiлет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді тіркеудің тізімінде №5750 болып енгізілді) сәйкес айқындалады.

Конкурстың барлық кезеңдері аяқталғаннан кейін Комиссия **үш жұмыс күні** ішінде бір үміткерді айқындайды және оның кандидатурасын лауазымға бекіту үшін конкурс жариялаған білім беруді басқару органының білім басқармасының басшысына ұсынады.

Конкурстан өтпеген кандидаттарды білім беруді басқару органы **үш жұмыс күні** ішінде конкурс қорытындысы туралы жазбаша хабарлар етеді.

Конкурс жариялаған білім беруді басқару органының басшысы **үш жұмыс күні** ішінде оң нәтиже алған конкурс қатысушысымен төрт жыл мерзімді уарту құқығы бар шартты жасасады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Қызылорда облысының білім басқармасының конкурстық комиссиясы

«ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН ЕСИЕ

✓ Зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге

✓ 1 000 000 теңгеге дейін

✓ кепілдіксіз ✓ өте тез!

✓ алты жылға дейін

✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

ЭВЕРЕСТ Финанс

ТОМЕН % СТАВКАЛАР

қарыз 1 000 000 ТГ дейін

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

ҚР Ұлттық Банктен №KZ21CV00000355 лицензиясы берілген

ЖОҒАРЫ ЗАРДАПТЫ ҚҰС ТҰМАУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ

Бүгінгі күні, Қазақстан Республикасының солтүстік облыстарында Ресеймен шекаралас аудандарында үй құстарының арасында «Құс тұмауы» індеті тіркелген. Ресми ақпараттарға сүйенсек, 160 эпизоотиялық жағдай осы аумақтарда күрделене түскен және ол жақтан өнім шығаруға тыйым салынған.

Бұл жабайы құстардың көші-қоны мен жоғары патогенді құс тұмауының ықтимал қауіптерін салдарын көрсетеді. Жалпы құс тұмауы деген не?

Құс тұмауы – бұл тыныс алу жолдарына ас қорыту жүйесіне залал келтіретін қауіптілігі жоғары құстардың жұқпалы ауруы.

Құс тұмауының штаммдары жоғары деңгейдегі уағтылыққа ие және түрленуге бейім болғандықтан, қауіптілігі аса жоғары инфекциялардың қатарына жатқызылады.

Құстардың ауру белгілері. Ауру құстардың жұмыртқалау қабілеті азаяды, суды шөліккеп ішеді, қауырсындары ұйпаланып, шырышты қабықшаларында қызғандық байқалады. Тезегі жасыл түстеніп, іші өтуі байқалады. Жүргенде сенделіп, діріл пайда болуы мүмкін. Мұрын тесіктерінде жалқақ қатып, өлгеннен соң айдары мен сырғасында көгергендік білінеді. Ауру құстарды емдеуге бола ма? Өкінішке орай, ауру құстарды емдеудің тәсілдері жоқ болғандықтан, олар жойылады. Сондықтан облыс аумағына жоғары зардапты құс тұмауы індетінің басқа қолайсыз аймақтардан ену қауіпі төнген жағдайда бірінші кезекте алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға кірісу қажет. Осыған сәйкес, шаруашылықта (жеке шаруашылығында) құстары бар жеке тұлғалар мынадай талаптарды қатаң сақтауы маңызды:

- үй құстарының жабайы, әсіресе суда жүзетін құстармен жанасуды болдырмау бойынша шаралар қолдану;

- аулада құс ұстау қажет болған жағдайда, жабық түрде ұстауға көшіру;

- құстың ауру және өлу жағдайы туралы дереу тиісті әкімшілік, аумақтық біріктірілген мемлекеттік ветеринариялық қызметіне хабарлау;

- жабайы құстармен бірге көлдердің маңайынан радиусы 5 шақырым көлемінде үй құстарын жайылуға және серуендеуге шығаруға рұқсат етілмейді;

- шаруашылыққа кіреберіске дезинфекциялық тосқауыл, санитарлық өткізгіш орнату;

- індеттік аурулар бойынша қолайлылығы тиісті ветеринариялық құжаттармен расталған шаруашылықтардан құстарды әкелу (шығару, араластыру);

- құстарды әртүрлі жануарлармен бірге ұстауға жол бермеу талаптарын қатаң сақтау;

- шаруашылық жүргізуші субъектілерде қолайлылықты сақтау, қажет болған жағдайда оларға дезинфекция жүргізу.

Үй құстарыңыздың арасында қандай да клиникалық ауытқу жағдайлары байқалса (кей жағдайда клиникалық белгілері симптомсыз өтеді), кент, ауылдық округ ветеринар мамандарына хабарласуларыңызды сұраймыз. Бұл ауру құстан адамға жұғу жағдайы тіркелмегендіктен, тұрғындар арасында алаңдаушылық білдірудің қажеті жоқ екенін назарларыңызға жеткіземіз. Қандай да сұрақтар туындаған жағдайда аудандық (қалалық), аумақтық инспекцияларына хабарласуға болады.

ҚР АПМ ВБЖК-нің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Түзкөл-Мұнай» Ақ Оперейтинг» ЖШС (20-15) «Батыс Түзкөл кенішіндегі су айдмалары

жүйесі, №№65, 106 және 359 ұңғымаларға айдамалау құбырларын тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 4 мекенжайында және meruert.srazhadinova@tmgoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.

ОҢАЛТУ РӘСІМІ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылдың 23 қыркүйегіндегі шешімімен «МФК Туран» ЖШС-на (БСН011240008006) оңалту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғаны хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Өйтеке би көшесі 29 үй.

МҰРАЛЫҚ ІСТІҢ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Қайырбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2020 жылдың 01 маусымында қайтыс болған азамат Мадалиев Исғали Батлабаевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Қоңғарбаев көшесі 203, тел.: 30 14 32, 8 778 235 08 08.**

Қызылорда облысының әкімдігі және мәслихаты, Қызылорда облысының Қоғамдық кеңесі және ардагерлер кеңесі «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Төрешова Ләйло Бегалықызына әкесі

Төрешов Бегалының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Nur Otan» партиясы облыстық, қалалық, аудандық филиалдарының ұжымы партияның Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Төрешова Ләйло Бегалықызына әкесі

Төрешов Бегалының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Төрешова Ләйло Бегалықызына әкесі

Төрешов Бегалының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.